

## ТАУ ТҰЛҒА



«СӘКЕН АҒАМ  
ЕЛЕСТЕЙДІ  
КӨЗІМЕ...»

3-бет

## ӘР ТАРАПТАН



БАҒА  
БАҚЫЛАУДА БОЛСА  
ЖАРАР ЕДІ

4-бет

## АҢЫЗ БОП ЖЕТКЕН АҚИҚАТ



«Дыбыс» –  
есімі  
туралы

6-бет

# ЖЕЗҚАЗҒАНДЫ ЖАҢААРҚАҒА ЖӨНСІЗ ЖЫҒЫП БЕРІП ОТЫРҒАН КІМ?

*Еліміздің жер аумағына әлемнің бірнеше мемлекеті еркін сыйып кететіні мақтана айтып жүрміз. Мақтану жағынан қазақ алдына қара салмайды ғой шіркін. Осы ұлжасыр даланы төрт түлік малға, тербеліп тұрған астыққа, көз қуантар бақша өнімдеріне толтырсақ, қалай мақтансақ та жарасар еді ғой. Өкінішке орай, қолданылмағандықтан құлазып бара жатқан жер аумағы миллиондаған гектармен саналады. «Бос жатқан жер жау шақырады» дегендей алпауыт көршілеріміздің көз құртына айналып отырған жерлер жеке бір мақаланың тақырыбына сұранып-ақ тұр. Ол жайына да бір соғатымыз айдан анық. Бүгінгі әңгіме басқаша.*

Ауыл шаруашылығының тиесілі деңгейде дамымауына билік тарапы халықтың енжарлығы, әрекетсіздігінен көріп, кәсіп ашып, нәсіп тере алмай отырған ауылдықтарды кінәлаумен келіп еді. Шынында ауылды жерде өмір сүріп отырған халықтың жалқаулыққа бергісіз жайбарлығы көзге ұрып, сынауға сұранып тұратын жылдар болмады емес болды. Үкімет тарапынан пайызы төмен несие, түрлі субсидия беру, кепіл болатын қор ашу сияқты дұрыс қадамдар жасалғаннан соң салаға қарапайым қазақстандықтардың қызығушылығы артып, дәлелдермен қоса қалалықтар да мемлекеттен түрлі мақсаттағы жер алып, несие рәсімдеп, ауыл шаруашылығы саласында белсенділік пайда болды. Малды да, дәнді дақылдар түрлерін де асылдандыруға ден қойып, өнімнің өтімділігі мен табыс әкелу әлеуеті артаған сайын ауыл кәсіпкерлері де құлшына түсті. Міне, осы кезде ауыл шаруашылығы саласын алға бастыра алмай отырған үкімет қуана қоштаудың орнына дөңгелеңе бастаған шаруашылықтардың дөңгелеңе бюрократияның ағашын көлденең қыстырып, кедергісін келтіре бастады. Әрине қастандық жасау үшін емес шығар. Бірақ, сол баяғы билік пен шаруаның арасына кіріп алып, паразиттік әрекеттері арқылы жеңіл табыс көзін жасап алған деддал фирмалар халық арасында «крыша» ағалып кеткен әлдебір көкелерінің қолымен шаруалардың мойнына лақтырған қыл арқандарын сығымдап, тартылта түсті. Мысалы: мал ауруы пайда болған шаруашылық иесінің оның нендей ауру екенін анықтай алмай, жобалап біліп тұрса да, дәлелдей алмай апталап жүгіріп жүруі қалыпты жағдайға

айналды. Жезқазған-Ұлытау аймағындағы шаруалар зертханалық сынама алған мамандардың диагноз-жауабын кемі үш апта күтетіндерін айтуға. Талап бойынша үш күн ішінде анықталып, анықталған ауру түріне қарсы жедел ем-дом, тиісті вакцина егу шаралары жасалуы керек екенін ескерсек, аталып отырған мәселені жұмсартып айтқанда шектен шыққан жауапсыздық деп қана бағалауға болады. Қарағанды облыстық Ауылшаруашылығы немесе Ветеринария басқармасы басшылары негізінен соңғы сөзді айту хұқы бар референттік орталықтардың Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ғана бар екенін, оларға сынама аларды жеткізіп, жауабын алғанша осынша уақыттың кететінін алға тартуды әдетке айналдырып алған. Сонда Жезқазған, Қарағанды қаласында орналасқан зертханалар не үшін керек?! Ұзақ жылдар бойы бұрынғы Жезқазған облысының аумағына қызмет етіп келген зертхананың арнайы қондырғылары да, мамандары да аурудың таралып жүрген түрлерін анықтап беруге әбден жарамды екенін біліп отырған біздер үшін сынама аларды Нұр-Сұлтан қаласындағы референттік орталыққа ғана жеткізу туралы талап түсініксіздеу. Бұл ретте шаруалардың да ойы басқаша екен.

Мысалы, Амантай Мамақовтың шаруашылығы Ұлытау ауданында орналасқан. Былтыр жазда ірі қара малы ауы-

рып, жергілікті ветеринар маман ауылдың барлық белгілерін тапқан. Аудандық ветеринариялық бөлім басшысының орынбасары келіп, малдан қан алып кеткен. Бірақ, алынған қанның нәтижесі он бес күннен соң бірақ келіпті.

– Сараптамаға алып кеткен қан үлгісінің нәтижесін сұрастырып, тексеруге әлі кетпегенін білдім. Жеті күн ауданда жатқан. Қан үлгісін менің шаруашылығымнан 200 шақырым Ұлытау ауданына апарған. Қарағандыға хабарлассам, әне әкеле жатыр, міне әкеле жатыр деумен отыр. Мен малымның жағдайына алаңдағандықтан реңкіп, айкай-шу көтерген соң, үлгіні Ұлытаудан 700 шақырымдай жердегі Қарағандыға алып кетті. Бұл ретте Ұлытаудан 120 шақырымдағы Жезқазған қаласында да ветеринарлық зертхана бар емес пе? Солай бола тұра 700 шақырым жерге әкеткені түсініксіз? Содан олар бір дәрі берді. Оны егіп едік, кесел сап тыйылды. Ол ауылдың дәрісі болып шықты. Ал, он бес күннен соң келген сараптама нәтижесін оқысам лестериоз деген диагноз қойылыпты. Осы сынаманың нәтижесін күтіп жүрген күндері 15 снырым өлді, – дейді Амантай Мамақов.

– Менің шаруашылығымда жеке ветеринар дәрігерім бар. Тәжірибелі маман. Малым ауырғанда бірден айтты ауысып деп. Біз дереу дәрі іздей бастадық. Кейбіреулер ауыл туралы айтпаңдар.

Ертең малдарыңды қамап қояды. Қаланды қояды, мал сата алмайсыңдар, – деді. Біз жасырған жоқпыз. Облыстан Тұрсынов деген өкіл және аудандық ветеринарлық қызметінен келген маман ауыл екенін мойындады. Вакцина берді, мен оған дейін малымды емдеп алдым. Аузын түзбен шайдық, антибиотик салдық, ауылдан вакцина салатын облыстар, Түркістан, Қызылорда облыстарындағы жігіттермен ақылдасып 10-15 күннің ішінде емдеп алдық. Шығын болған жоқ. Бірақ, маңайымызда 7-8 шаруашылықтың малы ауырды. Шығын болды. Біз көмектесіп емдеттік. Ауылға қарсы жалпылама ем қолданба болмайды. Егілмеген шаруашылықтар қалды. Демек, көктемде кесел қайта өршуі мүмкін. Ол әрі қарай жұға береді дейді, – «А. Мулаков» шаруа қожалығының жетекшісі Абзалбек Мулаков.

– Облыстық, аудандық ветеринарлар келді де «Неге айқай шығарсыңдар? Салып береміз ғой вакцинаны» – дейді. Біздің ветеринар дәрігерлер өздерін қорғаштайды. Екіншіден, айтуларына ауыл-ауылды аралайтын жанармайлары жоқ. Мал болса қырылып жатыр. Жұмысқа деген көзқарас өзгермесе келесі жылы тағы сондай болады. Мұны айту керек. Ұлттық референттік орталық әдейі АШМ-нің ауруды жасыру үшін

жасап отырған қулығы. Әйтпесе анықтаманы неге республикалық зертхана бермейді? Тек қана жаңағы референттік орталық береді, – дейді А. Мулаков.

Ал, Жезқазған қаласында орналасқан бұрынғы облыстық зертхананың басынан кешіріп отырған хикаясы тіпті ақылға сыймайтын жағдайда. Ұзақ жылдар бойы осы зертханада қызмет атқарған Серікбек Көпбаевты сөзге тартқанымызда білгеніміз мынау болды:

– Жезқазған қалалық-ауданаралық ветеринариялық зертхана Балочная көшесіндегі үш қабатты ғимаратта орналасқан. Одан бөлек аула ішінде гараж, жем-шөп тұратын қойма, зертханалық жануарлар тұратын вивари, үстіндегі екінші қабатында Жезқазған аумақтық филиалы кезінде зертхана әкімшілігі (директордың кабинеті, бухгалтерия, завхоз, күзетшілер, жүргізушілер, мәжіліс залы) отырды. 1986 жылы Блочная көшесі 16-дағы осы үш қабатты ғимаратқа Жезқазған облыстық ветеринариялық зертханасы көшіп келгеннен бастап 2022 жылдың басына дейін ветеринариялық зертхана қызметін мүлтіксіз орындап келді. Бірақ, үстіміздегі 2022 жылдың басында зертхана қызметін белгісіз себептермен тоқтатты. 2000 жылдары Жезқазған аумақтық ветеринариялық зертхана филиалы құрылып, қарамағына Ұлытау, Жезді, Қаражал ветеринариялық зертханалар кірді. Және де осы жылы Жезқазған аумақтық инспекциясы құрылып, Балочная көшесіндегі үш қабатты ғимараттың бірінші, екінші қабаттары ветеринариялық зертханадан бөліп алынды. Ең сорақысы осы бөліп алынған қабаттар кейін жекеге сатылып, қоғамдық тамақтану орнына айналды. Ал, 2012 жылы Жезқазған қаласы мен Ұлытау ауданына талапқа сай зертханалары бола тұра жаңадан ветеринариялық зертхана салатыны белгілі болды. Бірақ, Қаражал қаласында зертхана жоқ екені ескерілмеді. Талапқа сай аса қауіпті ауруларды тексеретін зертханалар елді мекеннің шетінде 150-200 метр қашықтықта орналасуы керек еді. Тіпті осыны да ескермей Балочная көшесіндегі үш қабатты ғимарат ауласының ішінен құны 120 млн. болатын модульдік зертхананың құрылысын бастап, 8 айда бітіріп, кіргізетіндерін хабарлады. Сол түстігінде 60 м тұрғын үйлер, оңтүстігінде 20 м автобөлшектер сағатын базар мен 80 метр жерде Абай көшесі, шығысында 10 метр жерде «Самади» сауда үйі, батысында 100 метр қашықтықта №6 колледж бола тұра құзырлы мекемелер осы құрылысты салуға қалай рұқсат берген? 2015 жылдың аяғында бітпеген зертханаға жалған құжаттар толтырып, бітірдік деп әктіге қол қойдырып, құрылысшылар ақшаларын толық алып алған соң зертхананы бітірмей тастап кетті. 2019 жылы «Жезқазған қаласындағы жаңадан салынған зертхана қашан пайдалануға беріледі? – деп «Хабар», «Қазақстан-1», «КТК» телеарналарына

үндеу жариялады. Онымызға АШМ лауазымды қызметкерлері «Қаржы қарастырып зертхананы іске қосамыз» деп телеарна арқылы жауап берді. Осыған қарамай Қарағанды облыстық филиалдың директоры Н. Ескендірова заңсыз құдалау ұйымдастырып, Астана мен Қарағандыдан комиссия келтіріп, зертхана туралы мәселе көтергендеріміз үшін сөгіс арқалатты. Осы қылмыстардан қалай құтылудың басқа амалын таба алмаса керек 2022 жылдың басында Жезқазған қаласы ауданаралық ветеринариялық зертхананы жауып тастады. Ұлытау-Жезқазған өңірінде 200 мыңнан аса халық тұратынын және де Жаңаарқа, Қаражал, Жәйрем, Ұлытау өңірлері мал өнімдерін негізінен Жезқазған, Сәтбаев қалаларына өткізетінін ескерсек бұл қастандыққа бергісіз шешім болды. Оның үстіне мал жайылымдары шахтадан шығатын сулармен ластанып, елді мекеннен 50 шақырым жерге Байқоңырдан ұшқан зымырандар қалдығы құлап жатқанын, оған қоса бұрынғы Жезді ауданының аумағы Арал апат аймағына кіретінін және де осы аумақтың бәрі мал жайылымдары екенін біле отырып осындай қадамға барып отырса бұл шешімді қастандық дегенде не деуге болады? Қызылорда, Қостанай облыстарымен шектесетін селолық аймақтар ауырған малдардың сынамаларын 350 шақырым Қызылорда мен Арқалыққа ма, әлде 1000 шақырым Қарағандыға апарғандары қолайлы ма? Осы сұрақтарға Жезқазған зертханасын жабу мәселесімен айналысып отырған Республикалық ветеринариялық зертхананың басқарма басшысы Н. Ескендірова мен Қарағанды облыстық филиалы директорының м.а. Қ.Қабдулла мырзалар не дейді екен?–дейді Серікбек Көпбаев танданысы мен ренішін жасыра алмай.

Алаңдағандарынан ашыдауыстары шыға бастаған аймақ фермерлерінің айтуынша жабылды делініп, қоршауына құлып салынған зертхананың бүгінгі кейпі



Жабылды делініп, қоршауына құлып салынған зертхананың бүгінгі кейпі

**БАСПАСӨЗ 2022**

**SARYARQA**

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҮШІН**  
МЕКЕН ЖАЙҒА ЖЕТКІЗІП БЕРУ-4500 ТЕНГЕ  
РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ-3500 ТЕНГЕ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҮШІН**  
МЕКЕН ЖАЙҒА ЖЕТКІЗІП БЕРУ-7500 ТЕНГЕ  
РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ-6500 ТЕНГЕ

«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС  
ТОО «РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ САРЫАРҚА»  
БСН/БИН 050340007333  
ЖСК/НИК KZ09856000005225027  
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»

+7 (7102) 71 07 01  
+7 777 890 22 58

**P.S.** Айтпақшы тағы бір сорақы шаруаны ұмытып барады екенбіз. «Ташкентте бір апам бар. Менен де откен сорақы» дегендей зертхананың қоғамдық тамақтану орнына айналды деген қабатында «Рояль» түнгі клубы ашылған. Рұқсат берілуі мүлде мүмкін емес ғимаратта клуб ашып алған мықтылар бүгінде «Қоғамдық тамақтану орнының жаңында зертхана орналасқаны заңға қайшы» дегенді алға тартып, зертхананың басқа жерге көшірілуін талап етіп отырған көрінеді. Мәссаған мәмпәси деген осындай-ақ болар. Зертхананың Жаңаарқаға қисынсыз көшірілуі туралы шешімге рояльдықтардың да ықпалы болуы мүмкін-ау деген ойдың жылт ете қалуы да заңды. Қалай болғанда да бұл мәселенің шешілуі құзырлы органдарға қарап тұр.

Әнуар ОМАР.

ҚЫСҚА

НҰСҚА

## Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл

Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының 17-18 ғасырда өмір сүрген үш биінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазыбек би 1667 жылы Сырдария өзенінің бойында туған. Орта жүздің арғын тайпасы, оның ішінде қаракесек руынан шыққан.

Қазыбек би қазақ хандығының өміріне, ішкі-сыртқы саясатын анықтауға, қоғамның бейбіт дамуын қамтамасыз етуге зор ықпал етті. Тәуке хан тұсында «Жеті жарғыны» түзуге атсалысты. Төле би, Әйтеке би үшеуі «Жеті жарғыны» жазып, сол арқылы ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлық тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамай, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі секілді мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

## Қазақтың соңғы ханы Кенесарының туғанына – 220 жыл

Кенесары Қасымұлы 1802 жылы Кокшетау өңірінде дүниеге келген әскери қолбасшы, қазақтың 1837-1847 жылдарындағы ұлт азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы.

Кенесарының саяси көзқарасы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінде басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар негізінде қалыптасты. 1841 жылы Кенесары хан сайланды, оның саясатының басты мақсаты қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды. Кенесары мемлекетті басқаруда шарияттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен қатар билер сотын қалпына келтірді. Мемлекет пен оның әскерін нығайту жолдарын жетік білетін хан мұсылмандық құқық ережелерін бекітті. Салық саясаты да оны тиімді жолмен жинауға бағытталды.

## Дінмұхамед ҚОНАЕВТЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫ

Қазақ халқының сүйікті ұлы 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласында дүниеге келген. Әкесі Меңдіахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған.

Дінмұхамед Ахметұлы 1930 жылы Алматы қаласындағы мектепті үздік бітіріп, 1931-36 жылдары аралығында Мәскеудегі түсті металл институтында білім алды. Қайраткер ұл жарты ғасыр уақытта бұрғылау станогінің машинисінен Қазақстан орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін көтерілді.

Димаш Ахметұлы еңбек жолын тау-кен инженері болып бастап, Балқаш мыс қорыту және Лениногор қорғасын-мырыш комбинатында қызмет істейді. Бірте-бірте қызметте жоғарылап, ғылым академиясының президенті болып тағайындалады. 10 жылға жуық қазақ КСР министрлер кеңесінде төрағаның орынбасары, 27 жылдай Қазақстан орталық комитетінің бірінші хатшысы, 21 жыл СОКП ОК саяси бюросының мүшесі болады.

## Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл

1992 жылы 4 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. 2007 жылдан бастап қазақстандықтар бұл күнді мерекелей бастады.

1992 жылы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылданып, арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірген. Содан кейін елтаңба, ту, әнұран жобасын жасауға конкурс жарияланды.

Рәміздердің үлгісі бойынша конкурсқа 600-ден астам адам қатысты. Оның ішінде мемлекеттік ту эскизі бойынша 1200 өтінім түскен. Оның ішінде суретші Шәкен Ниязбеков салған мемлекеттік ту бекітілді.

Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 кескіндемесі ұсынылды. Елтаңба жобасы конкурсында сәулетші Жандарбек Мәлібеков пен Шота Улихановтың еңбегі үздік деп танылып, қазіргі нұсқа бекітілді.

2018 жылы елтаңбада «Қазақстан» жазуы латын графикасымен QAZAQSTAN деп берілетін болды.

## Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл

Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін 1992 жылдың 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясының пленарлық отырысында Қазақстан бірауыздан БҰҰ-ның 168-і мүшесі болып қабылданды. Пленарлық отырыстан кейін Қазақстанның көк туын БҰҰ штаб-пәтерінің алдында салтанатты көтеру рәсімі өткізілді.

Сол жылы 15 сәуірде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының бірінші тұрақты өкілі тағайындалды. Біріккен Ұлттар Ұйымы 1993 жылдан бастап Қазақстанда жұмыс істей бастады.

(Ғаламтор желісінен иқшамдалып әзірленді)

МӘС-САҒАН!

# ҰЛЫТАУДА ТАҒЫ ҮЙ ДАУЫ

Ұлытауда тұрғын үйге қатысты тағы дау шықты. «Тағы» деп таңба салып айтып отырғанымыздың да себебі бар. Өткен жылы облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде Әлібек Әбдіраштың «Ұлытауша үй бөлу» деген тақырыптағы мақалалары жарық көрген еді. Кәдімгі сериал сияқты екі сезонда жазылған мақалаға аудандағы тұрғын үй бөлудегі шалағайлықтар арқау болған-ды.

Ал, бұл жолғы шу таяуда ғана көп балалы аналарға берілген үйден шықты. Нақтырақ айтқанда, пәтер алған аналар бұл баспананың әлден-ақ бас ауруына айналар мәселелерін айтып редакциямызға қоңырау шалды. Мәселенің мән-жайымен жақынырақ танысу үшін Ұлытауға барып, тұрғындарды тыңдап қайттық. Сонымен...

## АНАЛАРДЫ НЕ НӨРСЕ АЛАНДАТАДЫ?

Хош. Естіген құлаққа жағымды-ақ жаңалық. Үйді көргенде көз де қуанады. Бірақ, баспаналы болған аналардың лепірген көңілі көп ұзамай-ақ су сепкендей басылды. Оған не себеп болды? Тұрғындардың өзін тыңдап көрейік.

Мөлдір ЖАППАСОВА, көп балалы ана:

— Көп балалы ана ретінде пәтер кілтін алғанда қатты қуанған едім. Алайда, қуанышым ұзаққа бармады. Оған бірнеше себептер бар. Талдап айтып берейін. Біріншіден, бұл үй бізге өмір бойы жалға ғана беріледі екен. Яғни, белгілі бір мерзімнен кейін (бес не он жылдан соң – М.Ж.) үйді жеке меншігімізге ала алмаймыз. Екіншіден, ата-анамыз бізге сыйға үй берген күні бұл баспана автоматты түрде бізден алынып, өзге адамға беріледі. Үшіншіден, баспананың жалға беру тарифі де жоғары. Бүгінгі күні мен 14 580 теңге төлеймін. Бұған әзірге газдың бағасы қосылған жоқ. Өйткені, үй газ арқылы жылытылады, ал жылу тұрақты емес. Барының өзі мардымсыз. Қазір біз екі бөлмеге электр жылытқыш қосып отырмыз. Үйге кіргенімізге жиырма күндей болды. Сонда біздің осы бір айдағы тоққа төлейтін ақшамыз 30-40 мыңнан асып кететін түрі бар. Оған аренданың ақшасын, өзге де коммуналдық төлемдерді қосыңыз. Ал, балаға алатын жәрде-

мақымыз 60-70 мыңның шамасы. Төртіншіден, үйдің салыну сапасы да көңілге кірбін ұялатып тұр. Терезелердің жақтауынан жел гулеп тұрады. Жылу батареялары бөлменің аумағына сай емес. Секциялары аз. Едендерге цементтің үстіне линолеум төсей салған. Менің пәтерім бірінші қабатта. Тым болмаса бірінші қабаттағы пәтерлердің еденін ағаштан төсеуге болмайтын ба еді. Үйде шеттей жас балалар бар. Бесіншіден. Үйде пеш жоқ. Түсінеміз. Көп қабатты үй болған соң оған от жағатын пеш салынбайды. Бірақ, тұрғындарға газ пеш беруге болатын еді ғой. Кеше тоқ болмай қалған кезде осы үйдің тұрғындары не істерімізді білмедік. Шайымызды қойып іше алмай қиналды. Үй газбен жылытылатын болған соң әр пәтерге шағын газ пештер алып, орнатып берсе, көп балалы аналарға жасалған қамқорлық деп түсінер едік. Көп қабатты үй болған соң осындай форс-мажорлық жағдайлар ескерілуі керек еді.

Ирина СТРИОК, көп балалы ана:

— Осы пәтерді алғанда тұрғындар атынан жүрек жарды лебімізді білдіргендердің бірі едім. Бірақ, мұның аяғы дәл осындай жағдайға алып келеді деп ойламаппын. Бізді толғандыратыны – балаларымыздың келешегі. Пәтер бізге жалға ғана беріліп отыр. Егер мен жұмысымды ауыстыратын болсам, бұл үйді де өткізуге мәжбүр боламын. Бұл дегеніміз, мен шеттей бала-шағамен тағы үй жалдап жүремін деген сөз. Үйдің жылуы, салыну сапасы жайлы жаңа көршім тәптіштеп айтып берді. Ол өз алдына бір проблема. Бірақ, проблеманы үлкен үйді біздің жеке меншігімізге беруде болып тұр. Бұл мәселені жергілікті билікке жеткіздік. Бірақ, олар «пәтер тек жалға беріледі» дегендерінен қайтпайды. Не-



## АҚПАРАТ ҮШІН АНЫҚТАМА:

Өткен жылдың соңын ала, дәлірек айтқанда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойында Ұлытау ауданының орталығында 3 қабатты, 24 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Дәл осы күні аудандағы 24 көп балалы аналарға 3 және 4 бөлмелі пәтерлердің кілті салтанатты түрде табыс етілді. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған баспананың құрылысын «СарыАрқа» жасаушылық шектеулі серіктестігі жүргізді. Заманауи үлгіде салынған көпбалалы үй автономды жылу қазандығы арқылы жылытылады. Арнайы автотұрағы бар ауланың жол жиектері ернеуастармен шегенделген. Келешекте балалар ойын алаңын орнату да жоспарланған. Қысқасы, жайлы тұрмыс үшін қажеттінің бәрі бар.

ге оның меншікке ауыстыруына болмайтынын да дұрыстап түсіндірмейді. Амалсыздан, ақпарат құралдарына жүгінуге мәжбүр болып отырмыз. Пәтердің бағасын да ашып айтпайды. Сатылу бағасын айтамын. Оны сұрасақ, «сендерге оның қажеті жоқ, бұл жалға берілетін ғана пәтер» деп отыр. Сонда қалай болғаны. Мен қазір пәтерімді заманға сай әрлеуім керек. Тұсқағаз жапсырып сәндеуім керек. Егер, пәтер менің жеке меншігім болмаса мен неге бұлай шығындалмақпын?! Тағы бір сорақысы, әлде бір себеппен жалдау ақысын уақытылы төлей алмай қалсам, өсімақы жүреді. Бұл қайдан шыққан нәрсе. Қысқасы біз түсінбейтін мәселелер көп болып тұр. Оны түсіндіретін әкімдіктен әзірге ешкім болмай тұр.

## БҰЛ ҚАЛАЙ БОЛҒАНЫ?

Міне, тығырыққа тірелген тұрғындардың жанайқайы осы. Олар: «Сонда біз не үшін ай сайын 14 мыңнан астам ақша төлеуге тиістіміз? Ел бойынша жалға берілетін пәтерлердің белгіленген тарифі жоқ па? Пәтер неге меншікке берілмейді?» деген сауалдарды аудан әкіміне де оның орынбасарына да қойған екен. Алайда олар «Бұл үй «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынды. Сол себепті де ол меншікке берілмейді», деген жауаптан өзге ештеңе ести алмағандарын айтып налиды.

Айтпақшы, пәтер кілті тапсырылғанда 24 көп балалы ана қуанышқа бөленген екен. Алайда, бүгінде солардың 11-і ғана қалыпты. Қалғандары жалдау құнының қымбатсынып әрі үйдің меншікке берілмейтінін естіп, кілттерін кері қайтарса керек.

Сонымен, мәселенің мән-жайына қаныққанда «мәс-саған» демесе лажыңыз қалмайды екен. Бұл қалай болғаны? Бір қолымен басынан сипап, бір қолымен кеудесінен итерген биліктің бұл әрекетін біз де түсін алмадық. Оны ауданның жауапты тұлғалары тәптіштеп түсіндірер деген үміттеміз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

P.S.

Тұрғын үйді пайдалануға беруге қатысты техникалық тұрғыдан да ойластырылмаған жайттар бар сияқты. Мәселен, көп қабатты үйдің кәріз жүйесі белгілі бір желіге қосылуы керек. Не болмаса ол үйдің жеке септігі болуы қажет. Біздің жағдайда 24 пәтерлі, 3 қабатты үй орталық кәріз жүйесіне қосылған. Бұл жүйе әлі пайдалануға берілген жоқ. Сонда қалай болғаны. Қазіргі тұрғын жатқан 11 пәтердің кәріз суы қайда ағып барып, жиналып жатыр? Бұл өз алдына бір сұрақ.

## ЕҢБЕК ЖӨРМЕҢКЕСІ

Екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарға орайлы мүмкіндік туды. «Жастар» сарайында ұйымдастырылған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесінде осыған көзіміз жетті. Шара барысында 39 мекемеден өкілдер келіп, 225 жұмыс орнын ұсынды. Алыпстан аса жезқазғандық келген шараға қала әкімі Қайрат Әбсаттаров пен мәслихат депутаттары да қатысып, ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Кез келген дені сау ересек адам еңбек етуі қажет. Бүгінгі қоғам бір орнында қарап отыруды қате санайды. Білем, жассыздар, көбіңізде орта білім. Дегенмен болашақтарың алда. Осы бастан ізденіп, ата-анаға ауырпапшылық салмауға тырысыңыздар. Мүмкін сіз тапқан жұмыс мамандығыңызға сәйкес келмеуі немесе жалақысы көңіл көншітпейтін болар. Кез келген қиындық уақытша екенін есте сақтаңыздар. Талмай ізденіп, еңбек етер болсаңыздар, мақсаттарыңызға жетпей қоймайсыздар, деген қала басшысы орынбасары Зина Ақылбековаға жұмыс таппаған жастарға қалайда көмек көрсетіп, жөн сілтеуді тапсырды.


Аталған шараға қала мектептерінен, медициналық орталықтардан, «Қазпошта», «Марал-Нұр», «Ұлытау Нан», жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнынан т.б. өзге мекемелерден сұраныс түсті. Жастар өздеріне ұнаған жұмыс орындарына түйіндемелерін қалдырды. Алдағы уақытта мұндай жәрмеңке ай сайын ұйымдастырылатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН


## ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖАСТАРДЫ КҮТУДЕ



Суретті салған Зекен МҰХАМЕДІН



*Кербез сұлу Көкшетаудың топырағынан жаралып, сексен көліне шомылып өскен Кәкімбек САЛЫҚОВ иісі қазақ үшін сүйкімді тұлға. Жезқазғанның жезкиігін жырлай жүріп, өзі де қазақ поэзиясының Жезкиігіне айналған Кәкімбек ағамыздың дүниеге келгеніне 90 жыл толып отыр. Осыған байланысты қазақтың және бір қадірлі ақыны Серік Ақсұңқарұлының Кәкеңнің көзі тірісінде жазылған эссесін арнайы басып отырмыз. Ұлыны ұлы сыйлаған қандай жарасымды. Жезқазған жері үшін, Жезқазған елі үшін Кәкімбек Салықовтың орны бөлек, әрдайым ерекше болып қала береді.*



Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

# «Сәкен ағам елестейді көзіме...»



*Қайда көшіп Ай барады?  
Білмеймін...  
Тұман басты айналаны...  
Білмеймін...  
Кіріп барсам аупарткомның үйіне,  
Басым неге айналады –  
Білмеймін...*

*Әрі атпадым,  
Бері атпадым...  
Кірмеймін!  
Алла ма, кім – жаратқаным?! –  
Білмеймін...  
Аупарткомның хатшылары ашулы.  
Неге айнады қабақтарым?!  
Білмеймін...  
Түк шабыт жоқ.  
Салқын ойлар санамда.  
Поштабайдың екі қолы – жағамда.  
Аға сұлтан бола алмаған Шоқандай,  
Тап болыптын алмағайып заманға.*

*Ұлысқа ие болсам дейтін баланы,  
Учасковий иығымен қазады.  
Жер түбінде – жүгінетін Жезқазған,  
Тоқырауын...  
Баста – тоқырау заманы.*

*Лап еттім де көкірегіме түскенде от,  
Иттім, сонсоң...  
Бостан-босқа ішкем жоқ:  
Өзі – ақын, өзі – обкомның хатшысы,  
Көкеміздің көзіне де түскем жоқ!*

*Тентегі мен телді салып тезіне,  
Құл-құтанды тәтті қылған өзіне –  
Совнаркомның төрағасы, тәкаппар,  
Сәкен ағам елестейді көзіме.*

Қызыларай-Шатырша таулары мен Ақжарық – Тоқырауын өзендерінің саясынан сайғақ құрлы сая таппай, егіліп жүрген кезім... Күндердің бір күнінде Жезқазған Қарағандыдан енші алып, облыс орталығына айналды да, обкомның екінші хатшысы болып Кәкімбек Салықов сайланды. Қазақ жырын Қасымнан кейін қайта түлеткен Қадыр, Тұманбай, Сағи, Мұқағали, Өтежандарға ілесіп келген Кәкімбек Салықов бір күнде советтің ірі шенеуніктерінің біріне айналып шыға келді...

Алаштың аталы сөзі құлағына кіріп, құлқына жақпайтын сондағы аупарткомның хатшыларынан бастап, совхоз директоры, бөлімше менгерушісіне дейін обком хатшысы Кәкімбек Салықовтың өлеңдерін жатқа айтады! Егер сол кезде, жаман айтпай жақсы жоқ, осы Кәкең ЦК-дан бір-ақ шыққанда, бүкіл Қазақстан сонау Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбеттерден бастап, Мұқағалиға дейін аралықтағы қазақ жырын бір кісідей жаттап алатын ба еді, қайтер еді?!

Бұрын ақын көрсе, ата жауын көргендей болатын аупарткомның нұсқаушылары:

– «Қазақ әдебиетінің» пәлен деген санында біздің Кәкеңнің өлеңдері шығыпты! – деп отыратын болды. Тіпті, облыстағы аупарткомның бірінші хатшыларынан совхоз-совхозға «Әрбір отбасында бір-бір «Жұлдыз» журналы болатын болсын» деген нұсқау түсіпті де-

седі... Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер ақталғанда осындай бір дүбір болғандай... Ақтоғойға бір күні Қасым Қайсенов келіп саңқылдаса, бір күні Оспанхан Әубәкіров келіп, жұртты қыран-топан күлкіге батырып жатты. Жезқазғанда сондай бір заман болған...

Ақын сырлас досы дүниеден озып, күйбең тіршілікпен жаназасына қатыса алмай, біраз уақыт өткеннен кейін туғандарына көрініп қайтайын деп досының ауылына келеді. Досының үйіне келсе, есігінде қара құлып тұр... Көршісі «ауылдың сыртында үлкен көл бар, досыңыз дүниеден озғалы бері анасы сол көлдің жағасында отыр» дейді. Көлге барса, жағада жалғыз әйел отыр, қарама-қарсы жалғыз аққу жүр екен. Аққу қайғылы үнмен қаңқылдаған сайын, әйел зарлана жылайды. Осыны сырттай бақылаған Кәкімбек Салықов «Жылжиды аққу» өлеңін жазады.

«Сырғиды аққу айдында...  
сырғымайды...».

– Өй, мынау обкомның хатшысы қалай-қалай сілтейді ей?! – дейді ақын Дәуітәлі Стамбеков Алматыдан телефон шалып.

– Несін айтасың, ғажап болып тұр! – дейміз біз.

– Сен танысың ба оны?  
– Жок.., – деймін күмілжіп, райком, обкомдардан именіп жүретін мен байғұс...

*Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,  
Дәруі сол ма дерсің күйік шердің.  
Жез марал жүреді екен арасында,  
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің.*

*Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің,  
Жолымы тіке кесіп жанап бердің.  
Адамның көздеріндегі екі көзін,  
Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім*

*Дәл саған  
Құрмап па еді торды ешкім.  
Ғайыптан душар болдың  
Сорды кештің.  
Жан едім мен де сертшіл далада өскен,  
Сен-дағы жалтармадың жолды кестің.*

*Асықпа,  
Көрейініші жөндеп қана,  
Кетпесін жаңа тиген меңдеп жара.  
Ет кесіп өз етімінен берсем-дағы,  
Жөніңе жіберейін емдеп қана, –*

*Дедім де  
Қоя бердім, ұстамадым.  
Қасымда қал – демедім.  
Қыстамадым.  
Тілеймін суық жақтан есен қайтып,  
Жылы құм мекенінде қыстағанын.*

*Түс тербен  
Жаздың мөлдір, қысқа таңын,  
Тұзақтан Жезкиікті ұстатамын.  
Баяғы қызыл ішік киген қызға,  
Жез камзол сол киікті ұқсатамын.*

*Құмарым қайта көріп қанар ма екен,  
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?!  
Болмаса суық қолды бір сұм мерген,  
Дәл көздеп киікті атып алар ма екен?!*

*Сұлуды адам жаны қимайды екен,  
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.  
Жезкиік, сені аңсаған кездерімде,  
Бір өзім кең далама сыймай кетем,  
Бір өзім Сарыарқама сыймай кетем.*

Кәкең көрген Жезкиікті біз де көрдік. Бірақ Кәкеңнің көзіне іліккен киіктің керемет кербез болмыс-бітімі, мүлде бөлек. Бір өзі – бір Жезқазғанның символындай, «Баяғы қызыл ішік киген қыздай, жез камзол киік» бұл! Осынау ғажайып сиқыр өлеңнің авторы Жезқазған обкомының хатшысы екенін білгенде таңқалған үстіне таңқалып едім. Сол «Жезкиік» әнге айналып, Атырау, Арқа, Алатау, Алтайдың арасын шарлап жүр! Корольдің құпия кеңесшісі Иоганн Вольфганг фон Гёте алғашқы һәм соңғы өлеңін әйел затының сұлуына бағытшаса, К. Салықов алғашқы өлеңін Алаш анасына арнады. Алаш оның көзіне біресе Жезкиік, біресе Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Төттімбет, біресе Сәкен, Қаныш, Евней, біресе Күләш, Бибігүл, Фариза болып елестеді.

Кәкімбек Салықов қолда бұғау, аяқта кісен тұрған тоталитарлық қоғамда, жат-жұртқа кіріптар болған кезімізде қазақ жырына ғажайып бір құбылыс болып келді. Жезқазған обкомының хатшысы, Қарақалпақ ЦК-ның бірінші хатшысы, Мәскеудегі Жоғарғы Кеңесте, тағы сондай мәртебелі қызмет атқарған коммунист кісінің қабағы суық, қатыгез қоғамда ет жүрегі елжіреп, өлең жазып, айдындағы азалы сыңар аққу мен Жезқазғандағы жезкиікті, ділінен жұпар аңқытып, тілінен бал сорғызған Алаштың аруларын жырлауы маған, сол кезде, ақылға сыймайтын көріністей көрінгені әлі есімде. «Сәкен ағам елестейді көзіме...».

Сол Кәкеңмен бергінде, ол кісі қызмет, мансаптан әбден суынып, Абай атасынша жүзін өлеңге, өнерге бұрған кезде кездестім. Шенеунік атаулыға бір жері ұқсамайды. Кешегі Ақан сері, Біржан сал, Иманжүсіп, Тайжандардың тірі көзінде! Қалайша хатшы болған бұл кісі?! Арқасына аруақ қонған Біржан сал мен Ақан серілер Алланың алқауымен қайта тіріліп келсе... сол заманда обкомның хатшысы болмақ түгілі, колхоздың басқармасы да бола алмай, не 32-нің аштығында немесе 37-нің ойранында «халық жауы» атанып, шәйіт болар еді! Кәкімбек көкемді Құдай сақтады! 32-нің аштығында бесікте жатқан сәби, 37-нің қырғынында небәрі бес жаста, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тоғызға ғана тұяқ іліктірген, Сталин дүниеден қайтқанда, мұрты тебіндеген жігіт, соғыстан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде инженер мамандығын алып, азаматтық өмірін бастады.

Адамзаттың әр түрлі қоғамдық формациялары кезінде өкім болған, ақын болған тұлғалар баршылық. Ертедегі Шығыс патшаларының көпшілігі шетінен ақын, ғұлама, философ. XV ғасырдағы қазақтың ақын-жырауларына қараңыз: Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді – әрі батыр, әрі жырау. Төле би, Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбек би – ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен еді. Жетісуды билеген Тезек төре, Атырау-Жайықты сөзіне ұйытқан Есет

би, өзіміздің Арқадан туып-өскен Жанкісі би – аузы дуалы ақын болған. Немістің ұлы ақыны Гёте корольдің құпия кеңесшісі. Аға сұлтан Құнанбайдың баласы ұлы Абайдың да болыс болып, мансаптың дәмін татқаны бар. Онымен елді түзей алмайтынын білген соң, іштегі шерін өлеңге төгіп, ақындық жолды ұстанған-ды.

Д. Қонаевтың замандасы болған К. Салықов өз елінде «биік мансап – биік жартасқа екпіндепұшып» (Абай) шыға алған жоқ. Қонаев оны өзінше қарсылас, бәсекелес көрген секілді?! Димекен Социалистік Еңбек Ері болғанды тұрғанда оны тізімнен сызып тастаған! Талай жыл, біресе Қарақалпақ асырып, біресе, Мәскеуге қуып, Қазақстанға жолатпай қойған! Бірақ соған бола ол Димекен кіне таққан жоқ. Қонаевты көзге шыққан сүйелдей көрген СОКП ОК-нің 1987 жылғы пленумында кеше ғана өзі өгіздей өрге сүйреген номенклатура оны жерден алып, жерге салып жатқанда да Кәкең үндемей қалды... Сонда үзілісте Қонаев Кәкімбектің бетінен сүйіп тұртып: «Кәке! Мені сен кешіріші?! Осы жолы сен сөйлегенде мен қара жерде тесік болса, соған кіріп-ақ кетуші едім ғой?! Ана құлардың сөзі маған шыбын шаққандай да болған жоқ! Сені де маған жамандап қойған солар еді?!» – деп өксіп, жылап жіберген екен.

Адамзат тарихында сталиндік-коммунистік Кеңестер Одағы мен гитлерлік-фашистік Германияның кезінде билік ішінен бірде-бір ақын шықпағаны тарихи факт. Түркінің бір тұяғы Кәкімбек Салықовтың мансап биігінде жүріп, Ақын болуы – сөз ұстаған халқымыздың ұлылығының бір нышаны, ұлттық рухани дүниеміздің ірі құбылыс болды. Орыстың «авление» деген сөзі қазақтың болмысына көшкенде Құбылысқа айналып, Құдайға ғана тән қуатты иеленіп, құдіреттеніп кетеді екен. Қазақша айтқанда, төрт құбыланы өзіне жалт қаратып тұрған, Жаратқан Иенің бір құдіреті деген сөз! Гомерден бастап, Гёте, Шекспир, Байрон, Пушкин, Бернс, Қасымдарға дейін – осындай, Алла жарылқап, әрақ жебеген алтын айдарлы адамдар-ды. Өзбекстан Компартиясының көсемі Рашидов та жазушы еді, бірақ, ол бар жазған-сызғаны социалистік реализм деңгейінде ғана қалған орташа жазарман болып қалды. Мен обкомның хатшысы болсам өлең жазбас едім. Ағамның керім келбетін көріп, жыр патшалығына сүнгіп кіргеннен бері мен өзімнің ақындығымға күмәнмен қарайтын болдым. Поэзия – кәсіп емес, Адамның тағдыр-таланы. Расул Гамзатов айтпақшы, ақын атаулы екі түрлі болады. Біреуі – жазбайтын ақын, біреуі – жазатын ақын, осы екеуінің қайсысы мықты дегенде, Расул жазатын ақыннан жазбайтын ақынды жоғары қойған. Ең ұлы ақын – Халық. Алпыстан асқанда менің көзім соған жетті. Бүгінде сексеннің сенгіріне шығып, егемен еліне мағұмұрланып қарап отырған Кәкімбек Салықов сол халықтан кейінгі ірі ақындардың қатарында тұр. Оның интимдік лирикасы – азаматтық лирика да, азаматтық лирикасы – интимдік лирика. Қара басы – халқына, халқы – қара басына айналып кеткен...

**Айлық жалақыға кішкене үстеме қосылса болды, тіпті кейде қосады-мыс дегеннен-ақ бағасы екі-үш есеге аспандап кететін азық-түліктің қымбатшылығына қарапайым халықтың еті үйреніп те кеткен секілді.**

Бір ғана мысал құнбағыз майының бағасы 2021 жылы бір жылдың ішінде 60,4 пайызға көтеріліп, осы жылдың маусымынан бастап литрі – 713 сатыла бастады немесе бір жылдың ішінде бағасы 30 пайызға қымбаттаған тауық жұмыртқасы 2021 жылдың қазан айының өзінде 2,7 пайызға көтеріліп кетті. Қалтасына салмақ түсіп, күнкөрістің қамы ауыртпашылық әкелсе де қайран қазақтың қойдан жуас момын мінезі өзгермек емес. Алайда осы халықтың басым бөлігі бағаның көтерілуіне жол бермеу үшін тұрақтандыру қорлары бар екенін және әлеуметтік маңызы бар он тоғыз азық-түлікке шекті баға белгіленгенінен бейхабар болуы бек мүмкін. Бірақ, қалтасының қамын күйттеген сатушыларға әрине бұл кедергі емес. Оларды тексеріп, бағаны бақылап, мониторинг жүргізуге қала әкімдігі енді ғана шындап кіріскен сияқты. Осы

да орталықтарын аралап шығуды жөн көрдім. Сонда көргенім мынау. Барлық тауарды тізбектемей шектеу бағасы енгізілген 19 тауардың ішіне кіретін бір екі тауарға мысал келтіре кетейін. «Пила», «Bassire» шайлары «Самадиде» – 883-1079 теңге болса, «Акцент» пен «Нұртайда» – 875-900 теңге көлемінде. Бір килограмм қанттың құнын «Сама-

әкімшілік қызметкері ұлты қазақ болса да алдымен қазақша жауап бере алмаймын деп жалтарып еді, кейін тіпті сөйлесуден бас тартты. Ал, бұл сауалыма «Акцент» супермаркетінің әкімшілік қызметкері, аға сатушы Әсел Досжан жаңа жылдан кейін тапсырыс берген бірқатар тауардың бағасында өсім байқалғанын айтады. Бұған дейін құны 297 теңге болған 400 граммдық макарон бүгінгі күні 320 теңгеге өскенін («Ұлы далада» – 287 теңге), тұздың бағасы едәуір көтерілгенін, керсінше бағасы шарықтап кеткен тауық жұмыртқасының 497 теңгеден 445 теңгеге арзан-



# БАҒА

# БАҚЫЛАУДА БОЛСА

# ЖАРАР ЕДІ

«Ұлы дала» сауда орталығы



«Акцент» сауда орталығы



«Нұртай» сауда орталығы



«Самадиде» сауда орталығы



«Акцент» сауда орталығы



«Ұлы дала» сауда орталығы



«Самадиде» сауда орталығы



жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп тұрса, бағаны негізсіз өсіргені үшін айппұл арқалайтынын ескерген саудагерлер бұл әдетінен әлдеқашан арылар ма еді? Бағадағы өзгерісті байқау үшін және супермаркеттердегі супер бағаларды салыстырмақ ниетпен Сатбаев қаласының орталығында орналасқан «Самадиде», «Акцент», «Нұртай», «Ұлы дала» сау-

ды, «Ұлы далада» – 318-319 теңгеге, «Акцент», «Нұртай» сауда орталықтарында 335-350 теңгеге сағуда. «Сұлтан» фирмасы өндіретін 400 граммдық макарон өнімдерінің бағасы «Самадиде» – 325, «Акцентте» – 320, «Ұлы далада» – 287 теңгені құрайды. Жаңа жылдан кейінгі бағада өзгеріс бар ма деген сауалыма «Самадиде» сауда орталығының

дағанын айтып, бағаның құбылмалы болуына жеткізуші фирманың әсері бар екенін алға тартты.

Жоғарыда бағалары көрсетілген тауарларда айтарлықтай өзгеріс болмаса да теңгенің тиыннан құралатынын және тауарды барлық сауда нүктелеріне

бірдей фирма тасымалдайтынын ескерген де жөн. Бағаны бір қалыпты ұстап тұру бұл қашаннан келе жатқан мәселе. Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдерге нақты тапсырма берді. Сөздеріне сенсек, алдағы 180 күнде бағаны

тұрақтандыру үшін ауқымды іс-шаралар қолға алынбақ, сондай-ақ, мониторингтік топтар өз жұмыстарын бастап та кетті. Солай болғаны дұрыс та. Әйтпесе қарапайым халық қашанғы қымбатшылықтың зардабын тартар бермек?!  
**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

**Жезқазған қаласының Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Келбет» жобасы аясында 22 қаңтар күні «Жезкіік ақын» атанып кеткен мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Қазақ поэзиясының Жезкіігі» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.**

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ

# Жезкіігі

«Келбет» жобасының мақсаты – аймақтағы елге танылмай тұлғаларды дәріптеу, шынайы азаматтық келбетін жастарға таныстыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов 1932 жылы 22 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Мәскеудің түсті металлургия және алтын институтын бітіргеннен кейін Жезқазған кенішінде кен мастери, участка бастығы, Қ. И. Сәтбаев атындағы кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы т.б. қызметтер атқарды. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» деген атпен 1970 жылы жарық көрген. Содан бері үздіксіз жазып, 20-дан астам кітаптары жарық көрген. Шығармалары орыс және басқа халықтар тілдеріне аударылған.

Кітапханашы Ж. Досетова балаларды Кәкімбек Салықовтың өмірі және шығармашылығымен таныстыра отырып, «Қазақ поэзиясының



Жезкіігі» атты арнайы көрмеге шолу жасады. Көрмеге қойылған кітапхана қорындағы ақынның «Күзгі шуақ», «Жезкіік», «Көңіл назы», «Тәттімбет», «Сенсің ел данасы», «Пазыл аға» т.б. кітаптарына тоқталып өтті.

Аталмыш іс-шараға №3 жалпы білім беретін мектептің кітапханашысы Бағдат Жылтырғұзова мен 5 «а» және 5 «ә» сынып оқушылары қатысты. Кеш барысында оқушылар ақынның «Ұйқысыз түннің өлеңі» «Заман дерті», «Ғасыр үні», «Оң-

байды ақынды аққандар», «Мағжанның бір өлеңі», «Өтті ғасыр» атты өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Кеш музыкалық колледждің Домбырамен ән айту мамандығының 4 курс студенті Аманғали Баймырзаның орындауында Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазылған Жақсыгелді Сейіловтың «Жезкіік» әнімен аяқталды.

**Жанель ДОСЕТОВА, балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

## ҚАЗАҚТЫҢ СОҢҒЫ ХАНЫ КЕНЕСАРЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 220 ЖЫЛ

*Сан батырлар сар садағын моңіреткен,  
Азаттықты талмай іздеп жер-көктен.  
Күнге қақтап күнде найза саптаған,  
Тұлпарларын ақ сабын ғып терлеткен.*

**Кенесары ҚАСЫМҰЛЫ 1802 жылы Көкиетау өңірінде дүниеге келген. Ауыз әдебиеттерінің жазба нұсқалары бойынша оған ат қойған адам титтей нәрестені алақанына салып тұрып: «Өзі құрттай ғана екен, ендеше аты Кене Сары болсын» депті деген аңыз бар. Кенесары бала кезінен әкесі Қасымның патша өкіметіне қарсы күресінің куәгері ғана емес, сол күреске қатысушы да болған әскери қолбасшы 1837-1847 жылдарында қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалысының басшысы және Қазақ хандығының соңғы ханы. Атасы Абылай ханның бойындағы барлық қасиеттерді бойына сіңірген Кенесары жас күнінен-ақ халық алдында сыйлы болып өскен.**

1837 жылы Кенесары отаршыл Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресін жүргізеді. Үш жүздің басын қосып, мемлекет тәуелсіздігі үшін күреседі. Оның нағыз батыр екендігінің тағы бір дәлелі, ол барлық шайқастарының басын өзі тізгіндеп, жауынгерлерінің алдында жүрген. Тіпті, жауларының өзі Кенесарының асқан өжеттілігі мен қайсарлығына тәнті болған.

1841 жылы қыркүйекте үш жүздің басы қосылған жиында Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Сол жылы Кенесары ханның әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жанакорған, Ақмешіт камалдарын алды. 1843 жылы Ресей үкіметі Кенесары ханға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. Соған қарамастан, Кенесары ханның әскері Ресей армиясы мен Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарына бірнеше рет ойсырата соққы береді.

1846 жылдың басында Кенесары Балқаш көлі мен Іле өзені аймағына қоныс аударды. Осы жылы көктемде Қалғұты өзенінің бойындағы Қақпатас деген жерге келіп, қырғыздардың қонысына жақын қонған Кенесары қырғыз манаптары Орман мен Жантайға Сайдақ қожа, Есенгелді Саржанов бастаған елшісін аттандырды. «Тегіміз бір халықпыз, ортақ жауымызға бірлесіп қарсы тұралық» –

деді. Кенесарының мұнысы ізгілікті қадам еді. Өкінішке орай, қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Керісінше, Кенесарының басқан ізін орыс генералдарына жеткізіп отырды. Кене хан шарасыздықтан 1847 жылы қол бастап артқа қонды. Орыс пен қоканның көмегіне сүйенген қырғыз манаптары олардың алдына көлденең тұрды.

Оның ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы Н. Н. Серета өз зерттеулерінде «Кенесары хан өз жасақтарының мәртебелі әміршісі бола білді. Оның бойындағы осындай қасиетті көшпенділер жоғары бағалай білген» деп жазса, ал ағылшындық Т. Аткинсон Кенесары туралы «Найза мен айбалтасын тамаша игерген шапшаңдылығына көз ілеспейтін, жаудан қаймықпай соғыса қатысқан батырлардың бірі» деп жазған.

Кенесары десе елең етпейтін қазақ жоқ. Оның тәуелсіздік үшін жасаған ерліктерінің бүгін жемісін көріп отырмыз. Міне, арыстандай айбатты, еділ әмірші, жаужүрек, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай тарихи дара тұлға биыл 220 жыл. Осындай айбынды бабаларымыздың жолын жалғай білетін ұрпақ болып өсе берейік.

**Толқын АМАНТАЙ, мектеп оқушысы**

# КЕТКЕНДІ КЕЛТІРІП, КЕЛГЕНДІ КЕТІРМЕУ

## ТҮБІ ЖЕМІСІН БЕРЕТІН БОЛАДЫ

2014 жылдан бастап «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» – «Серпін-2050» жобасы іске қосылған болатын.

Аталған жоба бойынша білім алушылар саны жыл сайын артып келеді. Сәйкесінше, гранттар саны да көбейеде.

Өзінің сәтті жоба екенін дәлелдеген «Серпінге» Қызылорда, Түркістан, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау облыстарының жастары қатысуға құқылы. Олар еліміздің орталық, солтүстік, шығыс өңірлеріне барып, тегін білім алады. Тегін дегенде қалай?

«Серпін» грантының өзге мемлекеттік гранттардан айырмашылығы жоқ. Бұл жоба пайда болғалы қабылдаушы аймақтардағы бұрынғы мемлекеттік гранттар мен ауылдық квоталардың саны қысқарып, олар «Серпін-2050» жобасының гранттарының қатарын түзеді. Бұл бағдарлама бойынша да түлектер ҰБТ тапсырып, мемлекеттік конкурстықа қатысады. 4 қала мен 4 оқу орнын таңдау парағын толтырып, меңгерер мамандығын белгілейді. Жолы болып бағы мен бабы қатар шапқаны тегін, шәкіртақылы оқуды жеңіп алады.

«Серпін-2050» бағдарламасы бойынша қабылдаушы аймақтар қатарында Қарағанды облысы, оның ішінде Жезқазған қаласы да бар. Бағдарламаға ЖОО-мен қатар колледждер де қатыса алады. Бүгінде 1438 білім алушысы бар Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті де 2015 жылдан бері оңтүстік пен батыстың жастарына құшағын айқара ашты. «Серпінмен» келген жастар біраз жыл тоқырауға ұшыраған университеттің жаңа тынысын ашқандай болды. 4-5 баладан әрең жасқалып жүрген топтардың орнына 30-35-ке дейін студенті бар бакалаврлар құрылды. Мықты оқытушылар құрамы, у-шу болған бәсекеге қабілетті жалынды жастар педагогикалық, техникалық мамандықтарды оқыды. Заң бойынша барлық грантта білім алушылар, соның ішінде «Серпіндіктер» де өздері білім алған облыс аумағында 3 жыл жұмыс істеуге міндетті.

2015-2021 жылдар аралығында Жезқазған университетіне «Серпін» бағдарламасымен 425 білім алушы оқуға түскен. 2019 бен 2021 жылдары университет қабырғасын аяқтаған студенттер саны 350 екен. Осы 350-дің 59-ы магистратураға оқуға түскен. 98-і мысты шаһар аумағына жұмысқа орналасқан. Ал қалған 193-і қайда? Олар өздері туып-өскен аймақтарына қайта оралған және еліміздің басқа өңірлерінде жұмыс істейді. Жалпы санның жартысынан астамы диплом алып, жоғары білікті маман атанғаннан кейін Жезқазғанда қалып, болашағын осы қаламен байланыстыруды жөн санамаған. Ащы болса да, шындығы – осы. Бұған магистратураға түсіп кеткен 59-ды да қосып қойыңыз. Себебі магистранттар үш жылдық міндетті жұмыстан құты-

латындығын ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржы орталығы мамандарының өз ауыздарынан естідік.

Хош! Осы тұста «Су ішкен құдыққа түкірмеу керек» деп тәсілдетіп кетеріміз анық. Ал расында бұл жердегі жалғыз ағаттық «Серпін» жастарында емес екенін де мойындауымыз шарт. Олар өз еңбектерімен білім гранттарын жеңіп алды. 4 жыл оқыды. Президенттік шәкіртақыны да алды. Жастық шақтарының ең қызықты сәттерін осында өткізді. 4 жыл зулап өте шығып, диплом алар сәт те туды. Алды. Әрі қарай не болмақ? Олар өздері оқыған мамандықтары бойынша жұмыс таба алмады. Бұл тек Жезқазғандағы проблема емес екенін белгілі. Осындай жайт қазіргі Қазақстанның бүкіл аймағында орын алып жатыр.

Оқу бітірген соң Жезқазғаннан «тайып отырған» жастың бірі – Айгерім Жақсылықова. Түйіндеме жазылған парағын ұстап, қақпаған есігі қалма-са да геолог мамандығына жұмыс таба алмаған ол кәсібін туган жері Қызылордадан тапқан. Геолог болып Қазақстанның біраз жерін шарлап үлгерген ару бұл мамандықта еңбек ету қыз баласына тіптен қиын екенін де мойындайды.

Өзге топтастары қыркүйекке дейін жұмыс таба алмағанда, оқуын аяқтап үлгерместен мұғалім атанған жастың бірі – Бекзат Әуелбек. Себебі ер мұдалыға жұмысқа орналасу аса қиын емес. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып 13 мектепке жұмысқа орналасқан ол жас маман деп көмегін аямаған ақылшы әріптес әпкелеріне алғысын айтуда. Алғашында досымен бірге қоғамдық тамақтану орталығын ашып, сонда да жұмыс істеген ол қаржыдан айтарлықтай таршылық көрмейді. Дегенмен ұстаздық жолының екінші жылында сабақ кестесінің реті



## СЕРПІН ЖОБАЛАРЫ

келмегендіктен бизнесті тастап, біржолата мемлекеттік жұмыспен шұғылдануды жөн санайды. Осы тұста оқу жүктемесіндегі сағат санының аздығы есерін тигізбей қоймады. Мардымсыз жалақы көңілге қуаныш сыйламасы сөзсіз. Патеракысының қымбаттауы, ішіп-жемі, жол ақысы, одан бөлек қосымша ұсақ-түйек шығындар... Қате басқан кей сәттерде бірден бөле-жара қарап: «Осы «серпіндіктер» жарығып жұмыс істей алмайды» деп ақырған басшылардың қысымына жігіт баласы шыдай қойсын ба?! «Бәріне де, бәріңе де рақмет!» деп, жолсөмкесін жинап, артына бұрылмастан Алатау бөктеріндегі әсем қалаға аттанып кетті.

Әрине, қосымша жұмыс істеп болсын күнелте тұруға болар еді. Мен Жезқазғанды жақсы көремін. Мектеп бітіріп келген сәттен бері нанды бөліп жеген достарымның біразы сонда. Жезқазған – жарқын естеліктеріміздің қаласы. Дегенмен орайы келіп тұрғанда үлкен қалаға кеткенді жөн санадым. Себебі қаладан көп таныстарым көшіп кетуде. Мен 2016 жылы оқуға түскенде қала қандай еді, әлі сондай. Даму, алға қозғалу жоқ. Мұнда уақыт тоқтап қалғандай сезінесің. Алматының аты – Алматы. Жастар, мәдениет, инфрақұрылым, түрлі қызметтер – барлығы жоғары деңгейде. Мұнда бәсекелестік жоғары болғанымен мүмкіндіктер легі мол, – дейді ол. Дей тұра өзі оқыған қаланы сағынатынын да жасырмады.

Міне. Жастар ойы осындай. Соңғы курсында үйленіп, жезқазғандық жас отбасылар қатарын толықтырғандардың бірі – Дінмұхаммед Сейдін. «Көлік, көліктік техника және технология» мамандығы бойынша білім алған бұл кейіпкеріміз де көпке дейін жұмыс таба алмаған. Ойламаған жерден Жезқазған

индустриалды-гуманитарлық колледжіне оқытушылыққа шақыртылған ол педагог болудан тартыншақтағанын да жасырмады. «Ұстаз болам» деген ой үш ұйықтаса да түсіне кірмеген ол өз мамандығы бойынша жастарды тәрбиелеуге келісімін берді. Бұл таңдауына өкінбейді. «Серпін» бағдарламасымен оқуға түскен аруды жары еткен Дінмұхаммед үш жылдық жұмыс өтілі аяқталған соң да мысты шаһарда қалып, еңбек еткісі келеді.

«Серпін-2050» бағдарламасымен қалада қалған жастардың басты проблемасы – баспана мәселесі. «Дәрігер мамандар секілді біздерге де тұрғын үй жалдауда немесе сатып алуға жеңілдіктер қарастырылса» деген тілегін білдірген олар шағын болса да Жезқазғанның өмір сүруге қолайлы қала екенін айтып, осында тұрақтағысы келетіндіктерін де сездіре кетті.

Жаңашыл жастармен ғана ел енесі тіктеліп, тегеурінді мемлекет қалыптастырып, оқуға бейім тұратыны да өтірік емес. Олар да өздері оқыған үлкен қалаларда қалып, жұмыс істегенді тәуір көреді. Өз жастары Жезқазғандағы оқуды менсінбей сыртқа кетсе, шеттен келгендерді ұстап қала алмақ, қаланың дамымайтындығын, халық саны азайып бара жатқанын айтып кімге өкпелемекпіз?! Ендігі айтпағымыз – арман қуып келген қаншама білімді кадрларды жіберіп алып, бармақ тістеп отыра бермей, оларға лайықты жағдай жасаған жөн-ау. Сонда ғана түпкірде орналасқан Жезқазғанның болашағы бұлыңғырлықтан айығатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## АУЗЫҢА МАЙ..

### «ПАНДЕМИЯ ТОҚТАУЫ МҮМКІН» –

дейді  
ДДҰ сарапшылары

Коронавирус инфекциясы екі жылдан бері елдің дегбірін қашырып болды. Бір ишамнан кейін бір ишам шығып үрейлімізді де алып барады. Әлемдегі осы мықты деген балгерлер мен көріпкелдер бірдеңе айтар ма деп үмітпен қарап та жүрміз. Бірақ тұқымы құрғыр ковид олардың құмалағына түспей ме, мардымды ештеңе айта алмай келеді...

Осындай аламағайып тұста ғаламтордан ғажайып бір әңгімені көзіміз шалып қалғаны. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары коронавирустың омикрон штамы Еуропада пандемияның тоқтауына ықпал етуі мүмкін деген болжам жасапты.

Вирустың бұл нұсқасы COVID-19 инфекциясын жаңа, соңғы фазаға ауыстырды. Еуропа пандемияның соңғы кезеңіне жақындап калуы әбден мүмкін, – дейді ДДҰ Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Клуге.

Оның пайымдауынша, омикрон штамы басылғаннан кейін Еуропада жаһандық иммунитет біраз уақытқа сақталады. Оған – вакцинация мен аурудан сауыққаннан кейінгі ағзада болатын ішкі қорғаныс зор ықпал ететін сыңайлы. Алайда, бұл ретте, халықты иммунитетін қалпына келтіруге еш жол беруге болмайды.

Мұндайда «аузына май, астыңа тай» демей ме дана халқымыз. Директордың дегені келіп, әлем мына әбігерден құтылсын. Халқымыз осы омикроннан дін аман шығып, артының қайырын берсін дейміз біз де.

## О, ТОБА!

### ҚҰЛТЕМІР БАРМЕН

Не шықса да Қытайдан шығады әйтеуір. Енді санаулы күндерден кейін басталатын ақ олимпиада ойындары кезінде сақтық шараларын ойластырған қытайлықтар қызмет көрсететін кейбір орындарда адамды құлтемірмен алмастырыпты.

Бейжіңдегі Қысқы олимпиада ойындары өтетін аумақта сусындарды адам көмегісіз әзірлей алатын құлтемір пайда болыпты. Әлгі бар-болғырын небәрі бір минут ішінде, оннан астам коктейль дайындайды екен.

Олимпиада ойындарын ұйымдастырушылар мұндай құлтемірлер коронавирустың жұқтыру деректерін азайтып, жарыстың мейлінше қауіпсіз өтуіне септігін тигізеді деп отыр.

## ТҮЙЕ «ТӨБЕЛЕС»

«Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» деген рас-ау. Біреулер әтеіс төбелестіріп әбігер болып жатса, енді бір ел ит таластырып итшілеп жатады. Тіпті, тарақан жарысын тамашалайтындар да бар...

Ал, мына, өзіміздің түрік бауырлар түйе күрестіреді екен. Мұндайды кім көрген. Бұл елде осындай дәстүр бар көрінеді.

Эфес қаласының маңында өткен ұлттық ойынға 160-тан астам түйе бапталған. Ереже бойынша түйелер бір-бірін мойнымен басып, ықтыруға күш салады. Егер біреуі шөгіп, бол-маса тайсақтаса, екіншісі жеңімпаз атанады.

Түйе күрес бұл жолы 40-рет ұйымдастырылыпты. Түркияда ертеден келе жатқан фестиваль әдетте Эгей мен Жерорта теңізінің маңында өтеді.

Аманкелді АҚШАЛ.

# ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ БАСТАЛДЫ

Еліміз бойынша қаңтар айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу басталды. Оның бірінші күніне тест тапсыруға 21 өтініш түсіп, 20 түлек қатысқан. Арнайы жасақталған дәріханааларда өткен ҰБТ барысында барлық санитарлық талаптар сақталды. Төрт сағатқа созылған тестілеу барысында ереже бұзушылық тіркелмеген.

Жалпы, биыл министрлік талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бірқатар өзгеріс енгізді. Тестілеу «1 компьютер - 2 камера - 1 тестіленуші» қағидаты бойынша жүргізіледі. Оқуға түсушінің тест тапсыру орнында негізгі камерадан басқа, тестіленушінің дыбысын жазу және қозғалысын тіркеу үшін алдыңғы веб-камера орнатылған. Фронталды веб-камера талапкердің жеке басын сәйкестендіруге және ҰБТ кезінде бөгде адамдардың кіруін болдырмауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл қағидат емтихан тапсыру барысына бақылау жүргізу және тестілеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Тапсыратын пәндер саны өзгерген жоқ – екі бейінді және үш міндетті пән қамтылады. Тест тапсырмаларының саны – 120. Оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 15, математикалық сауаттылық бойынша – 15, оқу сауат-

тылығы – 20 және екі бейінді пәннен 35 тапсырмдан беріледі. ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлер ең жоғары 140 балл жинай алады.

Тестілеуге кірер кезінде қолмен тексеретін және рамалық металл іздегіштер қолданылды. Бұл талапкерлердің қауіпсіздігі үшін, ережелерді бұзудың және тыйым салынған заттарды алып өтудің алдын алу үшін де қажет. Қатысушылардан тыйым салынған заттар табылған жағдайда тестілеу автоматты түрде тоқтатылады. Тестілеу кезінде мобильді және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басып қурылғылар пайдаланылады. Ол аудиторияның және бейнебақылау камераларының ауданына байланысты жұмыс істейді. ҰБТ-2022 аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың соңына дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану және



ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда, оқуға түсушінің ҰБТ нәтижелері жойылады. Қаңтар айындағы ҰБТ қорытындысы бойынша ақылы негізде оқуға болады. Түлектер жазғы тестілеу негізінде грантка үміткер бола алады. Жалпы, түлектер өз мүмкіндіктерін 4 рет сынауға құқылы екенін айта кеткен жөн.

Бізге бұл деректерді берген Жезқазған қаласындағы аймақтық тестілеу орталығының басшысы Сандуған Бопалова тестілеудің енді күн сайын өткізіліп, аймақ талапкерлерін 22 ақпанға дейін толық қамтитынын атап өтті.

Өз тілшіміз

Әулиетау кереметтерінің қызықтырғаны сондай, жүрген жерімде, кез-келген ортада Әулиетау туралы ой қозғап, газетке шыққан материалдарымды өзіммен ала жүріп таратуды, насихаттауды әдетке айналдырдым. Осылай жасасам, біреу маған Әулиетауда болған қызықты оқиғасын жайып салатындай болады да тұрады.

2022-нің жаңа жылын балаларыммен Елорда төрінде қарсы алмақ болып, 29 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласына жолға шықтық. Оны білген елордалық Әмірбай інім мен Алма келінім «30 қаңтар күні біздің үйден дәм татасыздар, біраз жезқазғандықтарды шақырып жатырмыз» деді. Елордаға жеткен соң, кешкісін сол үйге бардық. Өдеттегідей «Сарыарқа» газетінің мақалалары үш номерін арқайсысынан 5-6 данадан ала барғанмын. Туған жерін сағынған болу керек, бас қалада тұратын жезқазғандықтар газетті қыл үстінен таласа бөліп алды. Университеттерде сабақ беретін тарих пен әдебиет саласының майталмандары жиналған екен. Әңгіме қызып, түрлі қызықты оқиғаларды ортаға салдық. Тамаша бір емін-жарқын отырып, саясатсыз сырласқан кеш болды.

Сондағы әңгімелердің ішіндегі ерекше назарымды аударған Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті, тарихшы-ұстаз Құралай Отаубайқызының айтқан оқиғасы болды. Елдің адамы болғаннан кейін Отаубай ағаны да, Дыбыс жегейлі де жақсы білетінмін. Талай дәмдес болған жандар. Бірақ, «есімін не себепті «Дыбыс» деп қойды екен?» деп ойлағаным болмаса, қазбалап сұрамаппын. Оның сырын сол отырыста қызы Құралай ашты.

«Нағашы атам Қасым Баймендеұлы – Ұлытау өңіріне белгілі жан. Үлкен қызметтер атқарған. 1905 жылы қазіргі Ұлытау ауданы, Терісакқан ауылында туып, қасиетті Ұлытау топырағында, Шенбер ауылында 1987 жылы 82 жасында дүниеден өтті. Руы – орта жүздің ішіндегі Арғынның Төртұыл тармағының Жауғаш атасынан тарайды. Жолдасы – нағашы әжеміз Орынбасар Барыстанбайқызы – руы Найман, Бағаналының Майгелді тармағынан тарайтын Қосай елінің қызы.

Атамыз елдің біраз адамымен және бауырларымен аштық жылдары Терісакқан бойынан Қарашаңырақ Қарсақбай жеріне қоныс аударған екен. Оның басты себебі – Қарсақбайдағы өндіріс ошағына жету. Онда жетсе, өзек талмайтыны белгілі. Мыс



қорыту зауытының грамплап беретін наны үшін, ол кезде аяғы жеткендер Қарсақбайға ағылды ғой.



ласында басшылық қызметтерді абыроймен атқарған. Жалпы, нағашы атам 9 ағайынды. Тоғыз ұлдың тоғызы да



шыңына шығып, басындағы жеті әулиеге білгендерінше дұғаларын бағыштап, ауылға беттейді.



Баймендеұлы Қасым 1934 – 1942 жылдары Қарсақбай кентінде ұстаздық қызмет атқарған. 1935 жылы ел аштықтан есін жия бастағанда, Жезді-Қарсақбай өңіріндегі Барыстанбай байдың қызы Орынбасарға үйленеді.

Атамыз Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер. Соғыста бөлім, взвод командирі болған. 1944 жылы ұрыс даласында жараланып, елге оралады. Отан қорғаудағы ерліктері үшін «Даңқ» орденімен, «За Отвагу» және т.б. медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін Ұлытау ауданының «Талап», «Калинин», «Аманкелді» колхоздарында басқарма басшысы (председатель) болып 15 жыл қызмет атқарған. Атамыз Аманкелді колхозында басқарма басшысы болып жүргенде жасаған еңбегі үшін, аудан бойынша бірінші болып қызметтік «Победа» автомобилі берілген екен. Одан кейінгі жылдарда Ұлытау аудандық Халыққа қызмет ету мекемесінде, Аудандық тұтынушылар са-

дәулетті болғанымен, әулеттерінде бір-екі баладан ғана болған екен. Ал, нағашы атамда ұзақ жылдар бала көрмеген.

Үнемі ат үстінде қызметте жүрген атамызға ел ақсақалдарының көбі «Сен біраз жылдан бері кішкентайлы бола алмай жүрсің ғой, іргеде қасиетті Әулиетау тұр, соған барып неге мінежат етіп қайтпайсыңдар?» деген айта берсе керек. Бірақ, компартия талаптарын орындап жүрген Атамыз оған бой ұсына қоймағанға ұқсайды. Жұрттың айтқанымен Әулие-әмбие аралап жүру колхоз басқармасына ұят шаруа екені де анық. Әйтсе де, «Әулиетауға барсаң қайтпайсың!» деген үлкендердің сөзі үнемі атамыздың жадында тұрыпты.

Елуінші жылдары атам Талап колхозында басқарма болған. Колхоз жұмысымен кеш келген атам, көзі ілініп кетсе керек. Атамызға аппақ болып киінген алпамса денелі ақсақал келіп: «Әй, Қасым, сен қиналып жүрсің ғой. Ақсақалдарыңды тыңда! Қасиетті Әулиетаудың басына шығып, бозқасқа шалып, сонда түнеңдер! Алла қаласа, қызылшақадан құр алақан болмайсың» деп айтыпты да, көз алдынан бұлдырап жоғала беріпті. Жастықтан басын көтерген атамыз ояна кетсе түсі екен. Көрген түсін жұбайына айтып, қасиетті жұманың кешінде Әулиетауға барып түнеуді ниет етеді. Бозқасқа қойын дайындап, Әулиетаудың етегіне апарып, дұғасын оқып, құрбандық шалады. Одан кейін Зердеш баба үнгірін зорға тауып, Ембұлақтан құтыға құйып алған суларын ұрттап, іштей тілектерін тілеп, Әулиетаудың


Ниеттерін Алла қабылдап, 1951 жылдың I шілдесінде өмірге қыз бала келеді. Ауыл болып қуанып, көп болып бата берісіп «16 жылдан кейін Қасымның шаңырағында нәрестенің дыбысы шықты» деп сәбіге «Дыбыс» деп есім береді. Бұл әңгімені бізге нағашы әжеміз айтып беріп еді. Менің анам Әулиетаудың шапағатымен өмірге келсе, «Дыбыс» деген есімі – міне, осындай тарихи оқиғамен байланыстырылған екен» деп сөзін аяқтады немересі.

Бүгінгі күні Дыбыс Қасымқызы – зейнеткер ұстаз. 1968 – 1972 жылдары Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бітіріп, Қорғасын орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. Жолдасы Отаубай кеуей ел үшін қызмет жасайтын тәрбиелі, адамгершіліктері жоғары балаларды өсірген ата-ана. Алла берген немерелерінің атасы мен әжесі.

«Жақсы ниет – ниет қана қарасаң,

Дұрыс оны іс қылуға жарасаң» – деген екен Жүсіп Баласағұн. Расымен де өз тәнін дынан бұлдырап жоғала беріпті. Жастықтан басын көтерген атамыз ояна кетсе түсі екен. Көрген түсін жұбайына айтып, қасиетті жұманың кешінде Әулиетауға барып түнеуді ниет етеді. Бозқасқа қойын дайындап, Әулиетаудың етегіне апарып, дұғасын оқып, құрбандық шалады. Одан кейін Зердеш баба үнгірін зорға тауып, Ембұлақтан құтыға құйып алған суларын ұрттап, іштей тілектерін тілеп, Әулиетаудың

Бағдат БАЙЖАНТАЕВ ақын, өлкетанушы



24 қаңтар 2022 жылы **Мереке Қуанышұлы ҚҰРМАНҒАЛИЕВ** 69 жасына қараған шағында дүниеден озды. 1978 жылы Қазақ политехникалық институтын тәмамдаған бір топ жас маман жігіттер Жезқазған кен орындарына жолдамамен келген жас жігіттердің ішінен білікті де, білімді басшылар көптеп шықты. Олардың біліктілігі мен ұйымда-

## ӨРЕСІ БИІК АЗАМАТ ЕДІ...

стырушылық қабілеттеріне қарап өндіріс басқару жұмысын басқаруды сеніп тапсырды. Олар күш-қуатын аямай кен өндіру жұмысын игеріп, қайрат-жігермен тер төгіп қызмет атқарған азаматтар еді. Олардың ішінде бірі де бірегейі Мереке Қуанышұлы екенін ел білетін. Кен шеберінен учаске, шахта басшысы, бас инженер, Батыс Жезқазған кенішінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Ең жас директор ретінде тың бастамалардың алдыңғы шебінде болды. Кен өндіру басты міндеті болса да, кеншілерге жағдай жасау, азық-түлікпен қамтамасыз етуде мақсат етіп қойды. Сөйтіп,

сол жылдары «Тұрғын үй-91» бағдарламасы аясында көптеген кеншілер баспаналы болды. Қосалқы шаруашылықты қолға алып кеншілерді арзан ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етті. Ерен ерекше еңбектері бағаланып «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды. Кіндік қаны тамған Ақ Жайық еліне 1991 жылы оралып, «Қарашығанак» газ өндіру компаниясының директорының әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарғанының айғағы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Ақжайық ауданының Құрметті азаматы атанды.

Оралдың тумасы Ұлытау – Жезқазған аймағынан өмірлік жары Әжиде Арынғазинамен үш бала тәрбиелеп, немерелерінің қызығына кенелетін шағында ерте кеткен досымыздың қазасы қабырғамызды қайыстырып отыр. Отбасы, бауырлары және достарына көңіл айта отырып, Раббым Алла жәннаттан орын беріп, артындағы ұрпағына ұзақ салауатты, саламатты өмір берсе екен деп тілейік!

Абулаис МУЛАКОВ, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесі Сәтбаев филиалының басшысы

## ЭКСТРЕМИЗМ мен ТЕРРОРИЗМ – ҒАЛАМДЫҚ ҚАТЕР

*Экстремизм мен терроризм мәселесі тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік деңгейдегі аса өзекті мәселенің бірі. Бұл әсіресе соңғы жылдары әлемнің түпкір-түпкірінде орын алып жатқан түрлі лаңкестік оқиғалар мен экстремистік топтардың белсенді әрекетінен кейін ғаламдық проблемаға айналды. Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде терроризм мен экстремизмнің құбылысы, оның нысандары мен көріністері байқалуда.*

Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып бара жатыр. Жастардың діни көзқарасы әлі де өзекті мәселе болып табылады және жүйелі талдауды қажет етеді. Діни көзқарастағы (деструктивті діни бағыттардың ықпалына түскен) кейбір жас азаматтар өздерін қоғам мен мемлекетке қарама-қарсы қойып, қазақ халқының рухани мәдениетіне және ұлттық дәстүрлеріне теріс көзқараспен қарайтын болды. Араларында тіпті зорлық-зомбылық тәсілдерін қолданумен мемлекетіміздің саяси құрылымдағы зайырлы сипатын өзгертуге тырысқандары да болды. Дегенмен, дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Қысқа мерзімде ұйымдастырылған жұмыс өзінің нәтижесін беріп те жатыр.

Экстремизм әртүрлі бағытта дамуда. Олардың негізгілері ретінде ұлттық, саяси және діни мақсатты көздеген теріс әрекеттерді атауға болады. Ұлттық экстремизм өз ұлтын сақтау, оның мәдени, экономикалық құндылықтарын қорғау деген сылтауымен өзгелердің құндылықтарына зиян тигізу арқылы қауіп-қатер төндірді. Ал саяси экстремизм ретінде қалыптасқан бағыттағы топтар қоғамдық заңдылықтар негізінде қалыптасқан жүйені күшпен алмастыруды көздеп, астыртын да ашық та іс-әрекеттер аясында күштерін сарп етуде. Әсіресе Қазақстанда кең етуде. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші мемлекет тарапынан да ҚМДБ тарапынан да бірігіп жұмыс жасалуда. Жастарға діни ілімді мешіт ұстаздары мен теолог мамандары беруде. Соның нәтижесінде жастарымыздың діни ілімі артып, теріс ағымдар туралы танымдық көзқарасы айқындалып, өздерін жақсы бағытта дамытып келе жатыр. Әлемдегі дүрбелең орын алған экстремистік ұйымдарға шеттен тыйым салып жатыр. Интернет желісінен діни ілім алып жатқан қандастарымызға олардың теріс ниеті мен пиғылдары бар екенін айтып, арнайы дін маманынан ғана діни ілім мен ақыл кеңесті алу керектігін жадында ұстаулары ескертілді. Мемлекет заңына қарсы шыққан жағдайда жауапқа тартылатыны да қатаң ескертілді.

Қорыта келгенде, бір ұлттың ғана емес тұтас әлемнің бас ауруына айналған экстремизм мен терроризммен күрес еш уақытта бәсеңдемек емес. Бұл күрестегі үлкен құндылық, ол – адамның өмірі мен бас бостандығының амандығы. Сондықтан да еліміздің аман-дұғы мен ұлтымыздың ертені үшін аянбай еңбек ету керек. Сол себепті жастарымызға діни бағытты ұстанғанда дұрыс жағын көрсетумен қатар теріс бағыттағылардың да көптігін айта отырып, оларды сақтандыруымыз керек.

**Айнагул КОСАЕВА,** «Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің конфессияаралық қатынастардың мәселелерін зерттеу және сараптау бөлімі» КММ теологы

Аймақтық «SARYARQA» газетінің ұжымы әріптесіміз, Ұлытау аудандық «Ұлытау» газетінің ардагері **Амангелді БЕЙСЕКЕВТИН** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады

**ДҮЙСЕНБІ 31 ҚАҢТАР**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 «Másele». 7:00 «Әке». Т/х. 8:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Арпа». 16:10 «Ақжауын». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Ақжауын». Т/х. 0:20 Ақпарат. 0:55 «Ashyq alaň». 1:40 «Қазба қазыналары». Д/ф.

**ХАБАР**

5:00 Кино. «Турнет». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Саботаж». 12:00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. «Заговоренный». 18:00

**СЕЙСЕНБІ 1 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Әке». Т/х. 8:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Másele». 15:50 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 16:10 «Ақжауын». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Ақжауын». Т/х. 0:20 Ақпарат. 0:55 «Ashyq alaň». 1:40 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Заговоренный». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Безумный куш». 12:00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Большая неде-

**СӘРСЕНБІ 2 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Әке». Т/х. 8:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:40 «Қазақтар». Д/ф. 16:10 «Ақжауын». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Ақжауын». Т/х. 0:20 Ақпарат. 0:55 «Ashyq alaň». 1:40 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Заговоренный». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Убить Билла». 12:00 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с.

**БЕЙСЕНБІ 3 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Әке». Т/х. 8:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:20 «Тайруу». 15:55 Бейжің 2022. Фри-стайл. Могул. (Квалификация. Әйелдер). 17:00 Ақпарат. 17:15 «Жан жылыя». 17:40 Бейжің 2022. Фристайл. Могул. (Квалификация. Ерлер). 18:25 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Ақжауын». Т/х. 0:20 Ақпарат. 0:55 «Ashyq alaň». 1:40 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Заговоренный». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Зимние Олимпийские игры 2022. Хоккей. 12:30 «За что я люблю Казахстан и казахстанцев».

**ЖҰМА 4 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Әке». Т/х. 8:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:15 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 14:00 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Менің Qazaqstanым». 15:40 «Тайруу». 16:10 «Ақжауын». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 17:45 Бейжің 2022. Студия. 17:55 Бейжің 2022. XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты. 20:15 Ақпарат. 20:45 «Ashyq alaň». 21:40 «Үміт». Т/х. 22:40 «Өмір ызғары». Т/х. 23:40 «Ақжауын». Т/х. 0:30 Бейжің 2022. XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты. 2:50 Ақпарат.

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Заговоренный». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Кража». 11:30 Зимние Олимпий-

**СЕНБІ 5 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Біздің сүйікті дәрігері». К/ф. 8:30 «Теледәрігер». 9:25 «Тайруу». 10:00 «Сағандыққан әндер-ай». 11:00 Бейжің 2022. Студия. 11:10 Бейжің 2022. Шанғангем трамплиннен секіру (Квалификация. Ерлер). 13:35 Бейжің 2022. Шанғангем жарысы. Скиатлон (Финал. Әйелдер). 14:50 Бейжің 2022. Биатлон (Финал). 16:35 Әбдіжаппар Әлжожаңың концерті. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Másele». 20:50 «Мұқағали. Бұл газырдан емеспін...». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Анамды іздеймін». К/ф. 1:25 Бейжің 2022. 2:35 «Másele».

**ХАБАР**

5:00 Кино. «Ворошиловский стрелок». 7:00 Зимние

**ЖЕКСЕНБІ 6 АҚПАН**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Қазба қазыналары». Д/ф. 6:30 «Дәуір даналары». Д/ф. 7:20 «Теледәрігер». 8:15 «Тайруу». 8:50 Бейжің 2022. тау шаңғысы. Жылдам құлдыу. (Финал. Ерлер). 11:40 «Дениз». Т/х. 12:50 Бейжің 2022. Шанғангем жарысы. (Финал. Ерлер. 15 км). 14:50 Нұр-болат Абдуллиннің концерті. 15:55 Бейжің 2022. Шанғангем трамплиннен секіру (Финал. Ерлер). 18:50 «Дениз». Т/х. 20:00 «Арпа». 20:50 «Мұқағали. Бұл газырдан емеспін...». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Анамды іздеймін 2». К/ф. 1:00 «Арпа». 1:50 Бейжің 2022.

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Время». 7:20 «Самопознание». 7:35 Зимние Олимпийские игры 2022. Фигурное катание.

Мегахит. «Безумный куш». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Отдел журналистских расследований». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен. 0:30 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь». М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Ва-Банко. Х/ф. 15:00 «Қош келдіңіз!» т/х. 16:00 «Вопреки всему» т/с. 16:55 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times. 03:30 «Қош келдіңіз!» т/х.

**КТК**

07:05 «Дәу-дамаясыз». 07:30 «Кектен туған махаббат». 11:30 «Дом культуры и смеха». 12:20 «Пес-

ля». 16:00 Т/с. «Заговоренный». 18:00 Мегахит. «Убить Билла». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен. 0:30 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь». М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Менің ба-тырым». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош кел-діңіз!» т/х. 16:00 «Вопреки всему» т/с. 16:55 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times. 03:30 «Айтарым бар». 04:40 «Қош келдіңіз!» т/х.

**КТК**

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Кектен туған

«Заговоренный». 18:00 Мегахит. «Убить Билла 2». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен. 0:30 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь». М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Аманат». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!» т/х. 16:00 «Вопреки всему» т/с. 16:55 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times. 03:30 «Айтарым бар». 04:40 «Қош келдіңіз!» т/х.

**КТК**

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Кектен туған

13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Т/с. «Заговоренный». 18:00 Мегахит. «Кража». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен. 0:30 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь». М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Ана ғұмыр». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!» т/х. 16:00 «Вопреки всему» т/с. 16:55 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times. 03:30 «Айтарым бар». 04:40 «Қош келдіңіз!» т/х.

**КТК**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Серг пен сезім». 08:00

ские игры 2022. Керлинг. 13:35 Т/х. «Шайқалған шаңырақ». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Ворошиловский стрелок». 17:55 Церемония открытия Зимних Олимпийских игр Пекин-2022. 20:15 Қорытынды жаңалықтар. 20:40 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан 2». 22:10 Олимпиада күнделігі. Дневник Олимпиады. 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен. 0:30 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь». М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Әке». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!» т/х. 16:00 «Вопреки всему» т/с. 16:55 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times. 03:30 «Айтарым бар». 04:40 «Қош келдіңіз!» т/х.

Олимпийские игры 2022. Керлинг. 9:05 «Өзін-өзі тану». 9:15 XXI ғасыр қошбасшысы. 10:15 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Балун Шолок. 11:00 Кино. «Шырақшы». 12:45 Т/х марафоны. «Келіпжан». 14:25 Зимние Олимпийские игры 2022. Коньбекейші спорт. 16:15 Т/с. «Время». 16:55 Зимние Олимпийские игры 2022. Шорт-трек. 19:55 Т/с. «Время». 21:10 «7 күн». 22:10 Олимпиада күнделігі. Дневник Олимпиады. 22:30 Кино. «В поисках мамы 2. Новые приключения». 0:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фриеном. 0:45 Әсем әуен.

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Бұйымтай» т/х. 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры2». 22:00 «Қа-рындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 «Қош келдіңіз!» т/х. 03:30 «Астана кеші көңілді». 04:30 «Қарлығаш күзет агенттігі» т/х.

**КТК**

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Біз біргеміз». 10:00 «Дом культуры и смеха». 11:50 «Роман без последней страницы». 15:30 «Аталар сөзі», өзбек т/х. 18:50 «Соғалды жүрек». Мұқағали Мақатаевты еске алу кеші. 21:00 «Портрет неделаі». 22:00 «Өарағ». 23:40 «Дом культуры и смеха». 01:20 «Кектен туған махаббат». 03:30-04:30 «Ктк-да Қаботов».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 08:00 «Құтты қоңақ». 09:00 «Такиясыз періште». 10:00 «Орл и рещка». 11:00 Х/с «Возвращение к себе». 14:40 Концерт. 16:10 «Зың-зың Күл-рындасым, қарлығашым». 23:40 «Жауынгер». 01:00 «Сүлеймен Сұлтан». 01:50 «1001 түн». 02:30 «Қош келдіңіз!» т/х. 03:30 «Астана кеші көңілді». 04:30 «Қарлығаш күзет агенттігі» т/х.

**КТК**

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Біз біргеміз». 10:00 «Дом культуры и смеха». 11:50 «Роман без последней страницы». 15:30 «Аталар сөзі», өзбек т/х. 18:50 «Соғалды жүрек». Мұқағали Мақатаевты еске алу кеші. 21:00 «Портрет неделаі». 22:00 «Өарағ». 23:40 «Дом культуры и смеха». 01:20 «Кектен туған махаббат». 03:30-04:30 «Мерекелік концерт».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 08:00 «Құтты қоңақ». 09:00 «Такиясыз періште». 10:00 «Орл и рещка». 12:00 Х/ф «Личный интерес». 13:50 Х/ф «Черное золото». 16:15 К/ф. 17:30 «Такиясыз періште». 19:20 Сериал «Сержан братан». 21:00 Х/с «Любовь без памяти». 00:40

4”, детектив. 16:10 «Нулевой цикл», мелодрама. 18:00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат. Танысыз танылғандар”. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «На твоей стороне-2”, мелодрама. 23:20 «Лесник. Своя земля”, детектив. 01.10 «Пёс-4”. 03.00 «Кектен туған махаббат”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Дурная кровь». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Ерке мұң». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спецыз». 21:21 Сериал «Сержан братан». 22:40 «Бастық боламын». 23:35 «Көзайым». 01.10 «Домик на счастье». 02.10 «Побег из аула». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Спецыз». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Ерке мұң». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спецыз». 21:21 Сериал «Сержан братан». 22:35 «Бастық боламын». 23:25 «Көзайым». 00:15 «Домик на счастье». 01:15 «Побег из аула». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Спецыз». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Ерке мұң». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спецыз». 21:21 Сериал «Сержан братан». 22:35 «Бастық боламын». 23:25 «Көзайым». 00:15 «Домик на счастье». 01:15 «Побег из аула». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай».

махаббат”. 11.20 Новости. 12.00 «Пёс-4”. 14.10 «Лесник. Своя земля”. 16.00 «На твоей стороне-2”. 18.00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат. Танысыз танылғандар”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «На твоей стороне-2”. 23.20 «Лесник. Своя земля”. 01.10 «Пёс-4”. 03.00 «Кектен туған махаббат”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Спецыз». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Серг пен сезім». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спецыз». 21:21 Сериал «Сержан братан». 22:35 «Бастық боламын». 23:25 «Көзайым». 00:20 «Домик на счастье». 01.10 «Побег из аула». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Спецыз». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Серг пен сезім». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спецыз». 21:21 Сериал «Сержан братан». 22:30 «Бастық боламын». 23:25 «Көзайым». 00:15 «Домик на счастье». 01.15 «Побег из аула». 02:00 «Q-елі». 02:30 «Тамаша 7 км». 03:20 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 «Ерке мұң». 08:00 «Оян, Qazaqstan». 10:00 «Гадалка». 11:00 «Спецыз». 13:00 «Q-елі». 13:30 «Бастық боламын». 14:30 «Серг пен сезім». 15:30 «Домик на счастье». 16:30 «Гадалка



# БАҒРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ

## ҚАНША СПОРТШЫМЫЗ БАҚ СЫНАЙДЫ?

Енді бір аптадан соң Бейжіңде байрақты бәсеке басталады. Бұл қысқы додаға елімізден қанша спортшы баратыны белгілі болды. Аспанастаны еліңде отетін ақ олимпиадада өнер көрсететін құрама сапына 32 спортшы бар. Дегенмен бұл спортшылардың соңғы әрі нақты саны емес. Себебі ҰОК кейбір спорт түрлерінен халықаралық федерациялардың лицензияларды қайта бөлу, үлестіру нәтижелерін күтуде. Атап айтқанда, алда әлі де биатлон, шаңғы жарысы, могул және акробатикадан тағы бірнеше жолдамалар үйлестірілуі мүмкін.

Ал, әзірге Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше қазақстандық атлеттер спорттың 8 түрінен 82 жолдамаға қол жеткізген. Атап айтқанда, шаңғы жарысы бойынша 30 жолдаманы қоржынға салсақ, фристайлшылар тоғыз жолдамаға ие болған. Соның ішінде могул бойынша – 5, акробатика бойынша – 4 жолдама бар.

Конькишілер мен биатлоншылар – 12, шорт-трекшілер тоғыз жолдаманы, тау шаңғысы мен

шаңғымен тұғыздан секіру спортынан ел құрамалары төрт жолдамадан еншілессе, шаңғы қоссайысынан отандық спортшылар екі лицензияға иелік еткен.

Орайы келгенде айта кетейік, Олимпиада ойындарының барлық қатысушыларының қозғалысы қатысушылардың денсаулығына қауіп төндірмеу және алдын алу мақсатында арнайы басшылықпен қатаң түрде бекітілген талаптар мен қағидағтар

жиынтығынан тұратын нұсқаулық плейбукпен реттеледі. Тек Олимпиада ойындары кезінде емес, бұл нұсқаулық Қытаймен шекарадан өтер алдында да қатаң түрде реттеледі. Ойын кезінде олимпиада ауылының тұрғындарынан күн сайын ПТР тест алынып, денсаулығы тексеріліп, жаздағы Токио олимпиадасының үлгісі бойынша қатысушылардың орналасқан жері арнайы телефон қосымшасы арқылы бақыланады.

Қазақстан құрамасы 27 қаңтар күні чартерлік «Air Astana» рейсімен Нұр-Сұлтаннан Алматы арқылы Бейжіңге аттанады. Қысқы олимпиада ойындары 4 ақпан күні басталады және төртжылдықтың басты бәсекесінде 109 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Оған әлемнің 95 елінен 4000-нан астам спортшы қатысады деп жоспарланады.

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ТҰҢҒЫШ РЕТ «QAZAQSTAN» ДЕГЕН АТАУМЕН ШЫҒАДЫ

Бейжіңде отетін қысқы олимпиада ойындарына біздің құрама тұңғыш рет «QAZAQSTAN» деген жазуы бар жаңа формалмен шығатын болды. Олимпиадалық құрама формасының бұлайша қазақша атаумен тізілуін сарапшы-мамандар Қазақстан спорты тарихындағы мың бастама деп қабылдауда...

кешектің маңызды элементтері атлеттерге сенімділік пен тың серпін береді деп отыр. Шын мәнінде, Олимпиада ойындары – ең алдымен үздік атлеттер өз байрағымен шығатын достық пен бейбітшіліктің үлкен фестивалі. Бұл тек спортшылар үшін ғана емес, өз командаларын қолдайтын барлық жанкүйер үшін де маңызды оқиға. Олимпиада кезіндегі кез келген жағдайға басты назар аударылады. Сондықтан ел атауының «QAZAQSTAN» деп жазылуы әлемдік қауымдастық алдында өте маңызды қадам болып саналатыны сөзсіз.

– Қазақ мәдениетінің ұлттық элементтері форма дизайнында халықтың салт-дәстүрлері мен өзіндік ерекшелігін атап өту үшін әрқашан да маңызды рөл ойнайтын. Біздің шетелдік әріптестеріміз жана жазуға жоғары баға берді. Біздің атлеттерге де форманың жаңа элементі қатты ұнады. Олимпиадашылар – Қазақстанның шетелдегі маңызды елшілері. Сондықтан біздің отандастарымыз командамызға – өз командасына қолдау көрсетеді деп үміттенеміз, – дейді Ұлттық Олимпиада комитеті.



– Олимпиада ойындарында Қазақстанның туын алып шығу үлкен абырой. Елінің байрағын ашылу салтанатында көтеріп шыққандағы сезім өмір бойы ұмытылмайды. Бізге сенім артқан барша жанкүйерге алғысымыз шексіз. Барлық олимпиадашылар атынан бұл бәсекені асыға күткенімізді айтқым келеді. Спортшыларға дайындалу үшін бар жағдай жасалды. Елде де, шетелде де дайындалдық. Енді олимпиада айдынында ел намысын абыроймен қорғау үшін барымызды саламыз, – деді Абзал Әжіғалиев.

Ізбасар ОЙБАС.



Өрине, маңызды элементті халықаралық белгіден ұлттық белгіге өзгерту үшін Халықаралық Олимпиада комитетінен арнайы рұқсат алынғанын да айта кету ләзім. Десек те, Қазақстан Халықаралық Олимпиада Комитетінің үш әріптік кодтарының тізімінде «КАЗ» белгісімен қала береді. Өйткені аббревиатура халықаралық стандартқа сәйкес пайдаланылады.

Алайда, Ұлттық Олимпиада комитетіндегілер ана тілінде дайындалған олимпиадалық киім-

## БЕЙЖІҢДЕ БАЙРАҚ КӨТЕРЕТІН СПОРТШЫЛАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Олутрис.кз хабарлағандай, шорт-трекпен Қазақстан командасының қойбашысы, әлем кубогі кезеңдерінің жеңімпазы әрі жүлдегері Абзал Әжіғалиев пен конькимен жүгіруден төрт құрлық чемпионы Екатерина Айдова 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында Қазақстан олимпиадалық құрамасының туын ұстаушылар болып бекітілді.

Спорт сүйер қауым жақсы біледі, Екатерина Айдова ең алғаш рет 2010 жылғы Ванкувер Олимпиадасында танылды. Кейін Сочи-2014 және Пхенчхан – 2018 ойындарында ел намысын қорғады. 30 жастағы Екатерина Айдова үшін Бейжің ойындары өз мансабындағы төртінші Олимпиада болмақ. Тәжірибелі спортшы конькимен жүгіруден әлем кубогі кезеңінің, 2017 жылғы Универсиада ойындарының жүлдегері, 2021 жылғы төрт құрлық чемпионатының жеңімпазы.

– Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында еліміздің байрағын көтеріп шығатын алғашқы қазақстандық спортшы қыз екенімді мақтан тұтамын. Көптеген атлеттер үшін бұл алғашқы Олимпиада, ал кейбіреулері төртжылдық

додасына бірнеше рет қатысқан. Алайда, Олимпиадаға қанша рет қатыссаң да, ондағы сезім өзгермейді. Елің үшін мақтанасың және үлкен жауапкершілік барын түсінесің. Бейжіңде ел үмітін ақтау үшін бар күшімізді саламыз, – деді Екатерина Айдова.

Екатеринаға қарағанда, Абзал Әжіғалиев мұндай құрметке екінші рет ие болып отыр. Ол Пхенчханда Қазақстанның туын көтеріп шыққан болатын. Жалпы, Абзал Әжіғалиевтің еншісінде шорт-трекпен әлем кубогі кезеңдерінің барлық жүлдесі бар, 2017 жылғы Универсиада, 2011 жылғы Азия ойындарының медалі де қоржыннан табылады. Абзал 2014 және 2018 жылдардағы Олимпиадаға қатысқан.

**P.S.** Хоош. Сонымен бір аптадан соң аспан асты елінің астанасында ақ олимпиада басталады. Бұл додаға елдің намысын қорғайды деген мықтыларды жіберейік деп отырмыз. Өткен жылы болған осындай байрақты бәсекеде көк туымыз Күнишығыс елінің көзінде бір рет те көтерілмей, бәсіміз түсіп қайтып едік. Барыс жылында барыс жүректі жігіттеріміз бен қайсар қыздарымыз сол кеткен есені қайтарып қайтар деген үмітіміз зор. Ендеше, ақ жол болсын.

## АҚПАН АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ (Жезқазған уақыты бойынша)

| КАН-ТАУ | Апта күндері | Таң намазы   | Күннің шығуы | Бесін намазы | Екінші намазы | Ақшам намазы | Құптан намазы |
|---------|--------------|--------------|--------------|--------------|---------------|--------------|---------------|
| 1       | Сейсенбі     | 07:28        | 08:54        | 13:46        | 16:47         | 18:32        | 19:58         |
| 2       | Сәрсенбі     | 07:27        | 08:52        | 13:46        | 16:48         | 18:34        | 19:59         |
| 3       | Бейсенбі     | 07:26        | 08:51        | 13:46        | 16:50         | 18:36        | 20:01         |
| 4       | <b>Жұма</b>  | <b>07:25</b> | <b>08:50</b> | <b>13:46</b> | <b>16:51</b>  | <b>18:37</b> | <b>20:02</b>  |
| 5       | Сенбі        | 07:24        | 08:48        | 13:46        | 16:53         | 18:39        | 20:03         |
| 6       | Жексенбі     | 07:22        | 08:47        | 13:46        | 16:54         | 18:40        | 20:05         |
| 7       | Дүйсенбі     | 07:21        | 08:45        | 13:46        | 16:56         | 18:42        | 20:06         |
| 8       | Сейсенбі     | 07:20        | 08:44        | 13:46        | 16:57         | 18:44        | 20:08         |
| 9       | Сәрсенбі     | 07:19        | 08:42        | 13:46        | 16:59         | 18:45        | 20:09         |
| 10      | Бейсенбі     | 07:17        | 08:41        | 13:46        | 17:00         | 18:47        | 20:10         |
| 11      | <b>Жұма</b>  | <b>07:16</b> | <b>08:39</b> | <b>13:46</b> | <b>17:02</b>  | <b>18:48</b> | <b>20:12</b>  |
| 12      | Сенбі        | 07:14        | 08:38        | 13:46        | 17:03         | 18:50        | 20:13         |
| 13      | Жексенбі     | 07:13        | 08:36        | 13:46        | 17:05         | 18:51        | 20:15         |
| 14      | Дүйсенбі     | 07:11        | 08:34        | 13:46        | 17:06         | 18:53        | 20:16         |
| 15      | Сейсенбі     | 07:10        | 08:33        | 13:46        | 17:07         | 18:55        | 20:18         |
| 16      | Сәрсенбі     | 07:08        | 08:31        | 13:46        | 17:09         | 18:56        | 20:19         |
| 17      | Бейсенбі     | 07:07        | 08:29        | 13:46        | 17:10         | 18:58        | 20:20         |
| 18      | <b>Жұма</b>  | <b>07:05</b> | <b>08:28</b> | <b>13:46</b> | <b>17:12</b>  | <b>18:59</b> | <b>20:22</b>  |
| 19      | Сенбі        | 07:04        | 08:26        | 13:46        | 17:13         | 19:01        | 20:23         |
| 20      | Жексенбі     | 07:02        | 08:24        | 13:46        | 17:15         | 19:02        | 20:25         |
| 21      | Дүйсенбі     | 07:00        | 08:22        | 13:46        | 17:16         | 19:04        | 20:26         |
| 22      | Сейсенбі     | 06:59        | 08:21        | 13:46        | 17:18         | 19:06        | 20:28         |
| 23      | Сәрсенбі     | 06:57        | 08:19        | 13:46        | 17:19         | 19:07        | 20:29         |
| 24      | Бейсенбі     | 06:55        | 08:17        | 13:45        | 17:20         | 19:09        | 20:31         |
| 25      | <b>Жұма</b>  | <b>06:53</b> | <b>08:15</b> | <b>13:45</b> | <b>17:22</b>  | <b>19:10</b> | <b>20:32</b>  |
| 26      | Сенбі        | 06:52        | 08:13        | 13:45        | 17:23         | 19:12        | 20:34         |
| 27      | Жексенбі     | 06:50        | 08:11        | 13:45        | 17:24         | 19:13        | 20:35         |
| 28      | Дүйсенбі     | 06:48        | 08:10        | 13:45        | 17:26         | 19:15        | 20:37         |

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газеті өз жұмысын жаңа басшымен, жаңа сипатта жалғастыруда. Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базинасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

**Қадірлі оқырман!**

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

**Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!**



**Whatsapp 8(701)-118-88-08**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекен-жайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

**Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы**



## БАС ЖҮЛДЕ – біздің жігітте

«Біздің жігіт» деп отырғанымыз Байқоңыр ауылының тумасы, Сәтбаев қаласының тұрғыны кенші һәм ақын Еркін Оралбайұлы. Ал, «Бас жүлде» мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық торқалы тойына орай өткен онлайн жыр додасының бас бәйгесі.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін айта кетейін «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Ең бірінші бақытым – Халқым менің, Соған берем ойымның алтын кені» деген тақырыпта қашықтықтан халықаралық «Жыр әлемі» бәйгесін ұйымдастырған болатын. Оған еліміздің жырдан маржан тізген сөз зергерлері мен таяу және шалғай шет елдердегі қалам ұстаған қандастарымыз да қатысқан еді. Осы байрақты жыр бәйгесіне біздің жерлесіміз – Еркін Оралбайұлы да қатысып, бағын сынады.

Жыр додасының қорытындысында қазылар алқасының ұйғарымымен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен келетін өрнекті тіл өнері, өлең-жыр күдіретін ашып көрсете білгені үшін Еркін Оралбайұлы Бердіқұлов Бас жүлдені қанжығасына байлады.

Жерлесіміздің жыр додасындағы жеңісі құтты болсын!

Аманкелді АҚШАЛ.

## КЕЛЕР МЕ ЕДІҢ, ШАҚЫРСАҚ КӨКТЕН СҰРАП?

(Мұқағали МАҚАТАЕВТЫҢ рухына)

Алла бізге ғұмырды өлшеп берген, Жаман-жақсы тұратын бөлшектерден. Топырақтан әу баста жаралған соң, Сол топырақ бұйырар өлсек жерден.

Қабылдайтын қара жер «дәнді солған», Жанды көкке босатып, тәнді алған. Көзден кетсе көңілден кеткен бәрі, Тек артында жақсы іс, мәңгі қалған.

Дейді жүзі алмастың мұқалмайды, Тасқа салсаң шыңдалар, жұқармайды. Найзағайдай көк тілген алмас тілді, Сыр шертейін ақиық Мұқан жайлы.

Жырларымен тербетіп түз, даланы, Өтті өмірден Хантәңір мұзбалағы. Өзі өлсе де, өлмеді өлеңдері, Деген рас-ау, жақсыдан із қалады.

Өлең жазған ақын аз құрамай мұң, Сенім де жоқ, шынардай құламайтын. Ерте жетіп ажалың, бергені ме Өзің айтқан тағдырың құралайдың?

Еліңді де жырладың кеткен ауып, Қорқытпады заманнан жеткен қауіп. «Күпі киген қазақтың қара өлеңі», Қайтарыпсың өзіне шекпен жауып.

Сүрінсең де сан мәрте сынақтарда, «Қақың бар» деп тағдырың құлатпады. Жакындарың сырт теуіп, дараландың, Жеке жортқан арландай қыраттарда.

Біз білмейміз, кінәлап, кім ақтады, Белгілі ғой, жақсыға кінә артпағы. Мойымадың сонда да, білдің бе екен, Аңыз қылып жырларын күн артпағы.

Тағдырыңмен алысып, арбасып мың, Оза шауып қатардан алға шықтың. Сезім жайлы сезімтал жырдың қалды, Жүрегіңде ұялап әр ғашықтың.

Көре алмастың жұқпаған таққан кірі, Бірі күндеп, қуанып аң-таң бірі. Қазағымың бір туар сен жұлдызы, Өрең биік шыңындай Хантәңірі.

Өзге әлемге кетсең де көптен жырақ, Мазалай ма, жаныңды өткен сынақ? Туа қалып ғажайып бір мүмкіндік, Келер ме едің, шақырсақ көкпен сұрап? Келмейсің-ау, білемін бұл жалғанға, Тарқамаған шығар әлі өкпен, бірақ...

Еркін ОРАЛБАЙҰЛЫ